



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

### АТҚАРУШЫЛЫҚ ӨНДІРИСТЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҒЫ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

Қазақстанда атқарушылық өндіріс жүйесін жетілдіруге бағытталған жаңа заң жобасы әзірленді. Парламент депутаттары бастамашылық еткен құжат саладағы өзекті мәселелерді шешуге және азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуді көздейді. Заң жобасы жақында Парламент Мәжілісінің отырысында бірінші оқылымда қаралды.

Құжатты қорғаған палатадағы Заңнама және сот-құқықтық реформа комитетінің мүшесі Дмитрий Колодтың айтуынша, жаңа құжатта 2025 жылы өткен Үкімет сағатында көтерілген мәселелер қамтылыпты. Еске салсақ, бұл жиында жеке

сот орындаушылары институтының тиімділігі, жауапкершілігі және қызмет сапасы жан-жақты талқыландырылған болатын.

(Жалғасы 3-бетте)



## 1 МАМЫР – БІРЛІК КҮНІ



### БІЗДІ БІРІКТІРЕТІН – ОРТАҚ ОТАНҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ

Құрметті әріптестер, қадірлі оқырмандар!  
Қазақстан Республикасының Судьялар одағының атынан баршаңызды 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтаймын!

Бұл мереке – ел ішіндегі ынтымақ пен татулықтың, өзара құрмет пен түсіністіктің, бейбіт өмір мен баянды болашаққа деген ортақ ұмтылыстың жарқын көрінісі. Бірлік күні – сан алуан ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, тағдыр тоғыстырған ортақ Отанымыздың игілігі жолында күш біріктіргенін айшықтайтын айрықша мереке. Қазақстан – түрлі мәдениеттер мен дәстүрлер жарасым тапқан, келісім мен тұрақтылық салтанат құрған мемлекет. Халқымыздың рухани тұтастығы мен жарасымды татулығы – Тәуелсіздігіміздің берік тұғыры, мемлекеттілігіміздің мызғымас негізі болып табылады.

Халқымыздың бірлігі күні елімізде 1995 жылдың 18 қазанында Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен жарияланып, 1996 жылдан бері ресми түрде аталып келеді. Осы уақыт аралығында Қазақстан ұлтаралық және конфессияаралық келісімнің өзіндік, өміршең үлгісін қалыптастырып, әлемге бейбітшілік пен келісімнің тиімді моделін көрсете білді. 130-дан астам ұлт пен ұлыстың татулығы, достығы мен ынтымағы дәріптеліп келеді. Бұл – сындарлы саясаттың, қоғамдық келісімді стратегиялық құндылық ретінде ұстанудың және ортақ жауапкершілік мәдениетінің нәтижесі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев айқындаған жаңғыру бағыты елдегі қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға, заң үстемдігін орнықтыруға және азаматтардың құқықтарын сенімді қорғауға бағытталған.

(Жалғасы 2-бетте)

## ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

Некенің бұзылуы – кез келген отбасы үшін өте күрделі әрі ауыр процесс. Ал егер отбасында кәмелетке толмаған балалар болса, бұл мәселенің жауапкершілігі мен маңыздылығы еселене түседі. Мұндай жағдайда мемлекет пен заңның басты мақсаты – ерлі-зайыптылардың жеке амбицияларынан бұрын, ең алдымен баланың құқықтары мен психологиялық саулығын қорғау.

мыс кестесі) ескереді. Сонымен қатар, 10 жасқа толған баланың пікірі міндетті түрде тыңдалады.

2) Алимент өндіріп алу: баланы кәмелетке толғанша асырап-бағу – ата-ананың екеуінің де ортақ міндеті.

Егер сотқа баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру жөнінде нотариалды түрде куәландырылған келісім ұсынылмаған, бұрын баланы күтіп-бағу үшін алимент өндіру жөнінде сот бұйрығы шығарылмаған кезде, баланың тұрғылықты жері

### АЖЫРАСУ – ӨТЕ КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

Неке және отбасы кодексіне сәйкес, кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың некесін бұзу сот арқылы жүзеге асырылады. Бұл талап АХАТ органы арқылы жеңіл-желпі ажыраса салуға жол бермеу және баланың болашағына қатысты маңызды мәселелерді заңды түрде, әділ шешуді көздейді. Сот процесі барысында мынадай өзекті мәселелер қаралады:

1) Баланың тұрғылықты жерін анықтау: ажырасқаннан кейін бала кіммен бірге тұрады? Сот бұл мәселені шешуде баланың жасын, ата-анасының әрқайсысына бауыр басуын, ата-анасының адамгершілік қасиеттерін және баланы тәрбиелеуге жағдай жасау мүмкіндіктерін (тұрмыстық жағдайы, жү-



анықталған ата-анаға екінші ата-анасынан заңмен белгіленген мөлшерде (бір балаға табысының төрттен бір бөлігі, екі балаға үште бір бөлігі және үш немесе одан көп балаға ескіден бір бөлігінде) алимент өндіріледі.

3) Баламен араласу тәртібі: бөлек тұратын ата-ананың баламен кездесуге, оның тәрбиесіне және білім алуына қатысуға толық құқығы бар. Егер тараптар кездесу уақыты мен орны туралы ортақ мәмілеге келе алмаған жағдайда, баламен кездесу кестесі айқындалады.

4) Ортақ бала үш жасқа толғанша мұқтаж жұбайын күтіп бағу үшін алимент өндіру және мүлікті бөлу жөнінде даулардың бар жоғын анықтайды.

(Жалғасы 5-бетте)

ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

Был Қазақстан Республикасы Судьялар одағының құрылғанына 30 жыл толып отыр. Бұл – ел тәуелсіздігімен қатар қалыптасып, құқықтық мемлекеттің іргесін нығайтуға зор үлес қосқан маңызды ұйымның мерейлі белесі.

## ОДАҚТЫҢ 30 ЖЫЛДЫҚ БЕЛЕСІ



**Р.АЛДАМБЕРГЕНОВ,**  
Арал аудандық сотының төрағасы

Осы кезеңде Судьялар одағы сот жүйесінің дамуына серпін беріп, судьялардың кәсіби біліктілігін арттыру, олардың тәуелсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдағы сот беделін нығайту бағытында ауқымды жұмыстар атқарып келеді. Одақтың басты мақсаты – судьялардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сот төрелігін жүзеге асыру сапасын арттыруға ықпал ету және заң үстемдігін нығайту болып табылады. Осы бағытта одақ еліміздің сот жүйесіндегі реформаларды қолдап, олардың тиімді жүзеге асуына белсенді түрде қатысуда.

Одақтың негізгі міндеттерінің бірі – судьялар қоғамдастығының мүдделерін қорғау және іске асыру. Ал одақтың жоғары органы болып табылатын судьялар съезі кемінде төрт жылда бір рет өткізіліп, қоғам өміріндегі маңызды құқықтық мәселелерге қатысты судьялар қауымдастығының ұстанымын айқындайды. Судьялар одағы ұйытқы болатын бұл съездерде көптеген маңызды мәселелер талқыланып, өз шешімін тапты.

Бүгінде өткен жылдардың қорытындыларына назар аударсақ, сот жүйесі саласындағы бірқатар күрделі мәселелердің шешіліп, жауапкершілігі жоғары міндеттердің абыроймен орындалғанына көз жеткізуге болады. Алғашқы съезд 1996 жылдың желтоқсан айында өткізіліп, судьялардың Әдеп кодексі қабылданды. Судьялар одағының іргетасы да осы басқосуда қаланды. Осы съездердің нәтижесінде соттардың қызметі жанданып, материалдық-техникалық әлеуеті артты. Алқабилер сотын енгізу, сот саласына медиацияны қолдану сияқты маңызды бастамалар да осы басқосулардың жемісі. Сондай-ақ, қолданыстағы Азаматтық процесстік кодекстің іргетасы судьялардың VI съезінде қаланған.

Соңғы жылдары Қазақстанда сот жүйесін цифрландыру, ашықтық пен қолжетімділікті арттыру бағытында бірқатар маңызды қадамдар жасалды. Судьялар одағы бұл бастамаларды қолдап қана қоймай, оларды тәжірибеге енгізуде белсенділік танытып келеді. Судьялардың кәсіби даярлығын жетілдіру, халықаралық тәжірибені енгізу, этикалық нормаларды сақтау мәселелері де Судьялар одағының назарынан тыс қалған емес.

Сонымен қатар, Судьялар одағы қоғам мен сот жүйесі арасындағы байланысты нығайтуға ерекше мән береді. Азаматтардың сотқа деген сенімін арттыру – құқықтық мемлекеттің басты көрсеткіштерінің бірі. Осы тұрғыда одақ түрлі ғылыми-тәжірибелік конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер, турнирлер өткізіп, құқықтық мәдениетті дамытуға үлес қосуда.

Түптеп келгенде, Судьялар одағы 30 жыл ішінде сот жүйесін жаңа сатыға көтеріп, заң үстемдігін нығайту бағытында еселі қызмет етті.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПАЙЫМ

## ЗАҢ МЕН ТӘРТІП - БАСТЫ БАҒДАР

Заң үстемдігін орнықтыру – құқықтық мемлекет құрудағы басты құндылықтың бірі. Себебі кез келген қоғамда тұрақтылықтың орнығып, әділеттіліктің салтанат құруы заңға деген құрметтен, заңды білсем, заңды сақтасам деген қарапайым ниеттен туындайды. Міне, осы ұстаным Мемлекет басшысы ұсынған «Заң мен тәртіп» қағидатының басты тетігіне айналып отыр.

Президент атап өткендей «Әділетті Қазақстан – заң мен тәртіп үстемдік құратын ел» екені рас. Осыған орай бүгінде мемлекеттегі іргелі істер, сот пен құқық қорғау құрылымдарының жұмысы «Заң мен тәртіп» қағидатына сәйкес жүзеге асуда. Сәйкесінше бұл мақсатты жұмыстар негізгі үш тармаққа жүйеленген. Оның біріншісі заң үстемдігін қамтамасыз етумен байланысты. Соған орай осы функцияны атқару міндеті жүктелген құзырлы органдардың мақсаты мен бағыт-бағдарын дәл анықтап, қызмет сапасын арттыру көзделіп отыр. Екінші тармақ – халықтың құқықтық сауатын көтеруге негізделген. Құқықтық сауатты азаматтар көбейген сайын қоғамдағы құқықтық мәдениет те жоғарылайды. Қауіпсіздік, өзара сыйластық пен сенім үстемдік еткен қоғамда өмір сүру – әр азаматтың арманы.

Үшінші тармақ – сапалы заңдар қабылдап, сауатты ережелер дайындаумен өзектес. Бұл бағытта да ауқымды өзгерістердің қолға алынып жатқанынан жұртшылық жақсы хабардар. Соңғы жылдары қабылданған жаңа заңдар мен кейбір заңнамаларға енгізілген іргелі өзгерістер мен толықтырулар сөзіміздің айқын дәлелі.

Міне, осы үш тармақтың талаптары сақталған жерде «Заң мен тәртіп» қағидаты орнығады. Барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігінің конституциялық қағидаты сақталмаған жерде әділетті мемлекет құру мүмкін емес. Ал енді заң мен тәртіп идеологиясының орнығуына сот жүйесінің де ықпалы орасан. Себебі азаматтардың әділдікке, туралыққа, заңның пәрменіне деген сенімі осы сот жұмысына, төрелік нәтижесіне тікелей тәуелді. Сондықтан



сот құрылымы қазір тек дауларды шешетін, төрелік ететін орган ғана емес, қоғамда заң мен тәртіп идеологиясын қалыптастыратын негізгі институт ретінде жан-жақты жұмыс жүргізіп келеді.

Бұл бағыттағы іс-шаралар жоспарлы түрде іске асуда. Айталық соттағы «Заң мен тәртіп» қағидаты бойынша атқарылатын жұмыстарда ең алдымен осы стратегиялық қадамның мақсаты мен міндетін түсіндіруге көңіл бөлінеді. Судьялар мен сот қызметкерлері өздері басшылыққа алған қағидаттың түпкі мүддесін жақсы түсінуі

керек. Сол жобаның тиімді екеніне, халыққа пайдалы болатынына сенуі керек. Сонда ғана олар өздері ғана бұл бағытта жұмыс жүргізіп қоймай, айналасына да сауатты көмек бере алады. Осыған орай сотта судьялардың, сот қызметкерлерінің қатысуымен түрлі дөңгелек үстел, семинар, тренингтер ұйымдастырылады. Бұл жиындарда заң мен тәртіпті сақтауда жиі орын алатын кемшіліктер, оларды жоюдың жолдары сарапқа салынады. Соның арқасында судьялар мен сот қызметкерлерінің стратегиялық бағдар туралы айтқан сөздері түсінікті, кеңестері нағымды.

Судьялар мен сот қызметкерлері заң мен тәртіпті сақтаудың үлгісі болуы тиіс. Яғни, сотта барлық азаматтардың заң алдындағы теңдігі және құқықтық тәртібі сақталуы міндет. Заң баршаға бірдей қолданылған жерде ғана әділет орнайды. Сондай-ақ, соттардың ашықтығы мен жариялылығы да заң мен тәртіп идеологиясын нығайтуға тікелей әсерін тигізеді. Ашық сот отырыстары, сот актілерінің қолжетімділігі, процесстік теңдік қағидалары азаматтардың сотқа және жалпы құқықтық жүйеге деген сенімін арттырады.

Заң мен тәртіпке қатысты Президент тапсырмасын бұлжытпай іске асыру – барлық мемлекеттік органның, соның ішінде сот құрылымдарының да негізгі жұмысы. Заң мен тәртіпті нығайту мақсатында құрылған біртұтас жүйе бүгінде оң нәтиже бере бастады. Қағиданы іске асыру барысында үкіметтік емес ұйымдар мен қоғамдық бірлестіктерді белсенді тарту да өз тиімділігін көрсетуде.

**Қарлығаш АБДРАИМОВА,**  
Жетісу облысы бойынша  
сот әкімшілігі департаменті  
құжат айналымы бөлімінің  
басшысы

1 МАМЫР – БІРЛІК КҮНІ

## БІЗДІ БІРІКТІРЕТІН – ОРТАҚ ОТАНҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Жүргізіліп жатқан реформалар ашықтық пен әділдік қағидаттарына сүйене отырып, қоғамдағы сенім мен өзара құрметті арттыруға қызмет етуде. Бұл бастамалар Қазақстанның орнықты дамуына және әлеуметтік тұтастығын бекемдеуге берік негіз қалайды.

Бүгінде Бірлік күні әрбір қазақстандық үшін ерекше мәнге ие қастерлі мерекеге айналды. Тілі мен діні, салт-дәстүрі әртүрлі болғанымен, баршамызды біріктіретін құндылық – ортақ Отанға деген адалдық пен сүйіспеншілік.

Әр этнос өкілі өз болмысын сақтай отырып, ел дамуына үлес қосып келеді. Бұл – халқымыздың кеңпейілділігі мен парасаттылығының, өзара сыйластыққа негізделген қоғамдық сананың айқын дәлелі.

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан бірлік пен келісімнің арқасында елеулі белестерді бағындырды. Экономикалық өрлеу, халықаралық беделдің нығаюы, қоғамдық тұрақтылықтың сақталуы – осының бәрі ел ішіндегі ынтымақ пен өзара қолдаудың жемісі. Қандай жаһандық сын-қатерлер болмасын, халқымыз бірліктің арқасында оларды еңсеріп, даму жолынан жаңылған емес.

Судьялар қауымдастығы ретінде біз де қоғамдағы бейбітшілік пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету жолында аянбай қызмет етеміз. Әділдік пен заңдылық қағидаттарын басшылыққа ала отырып, әрбір қабылданған шешімде азаматтардың құқықтарын қорғауды, қоғамдағы сенімді нығайтуды және ел бірлігін сақтауды басты мұрат санаймыз. Заң үстемдігі мен әділ сот төрелігі – тұрақты әрі татулығы жарасқан қоғамның берік кепілі.

Бірлік күні – өткенімізді саралап, болашағымызды бағамдайтын



**Досжан ӘМІР,**  
ҚР Судьялар одағының  
төрағасы

тағылымды сәт. Бұл мереке татулық пен төзімділік дәстүрлерін дәріптеп қана қоймай, әрқайсысымызға ортақ жауапкершілік жүгін жүктейді. Еліміздің әр жетістігі – өзара түсіністік пен мығымдас достықтың нәтижесі. Бүгінгі буын осы құндылықтарды сақтап, оларды жаңа мазмұнмен байыта отырып, Қазақстанның жарқын келешегін бірге қалыптастыруы тиіс.

Бірлік пен келісім – кез келген мемлекеттің табысты дамуының басты шарты. Сондықтан қоғамдағы сыйластық пен татулықты сақтау – баршамыздың ортақ парызымыз. Ынтымағы бекем елдің іргесі берік, болашағы кемел болмақ.

Құрметті әріптестер мен қадірлі оқырмандар! Сіздерді Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен тағы да құттықтай отырып, әр шаңыраққа амандық, ырыс-береке, өзара түсіністік пен қуаныш тілеймін. Елімізде бейбітшілік пен тұрақтылық мәңгі салтанат күрсін! Бірлігіміз күшті, Тәуелсіздігіміз тұғырлы болғай!

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТКЕ – 5 ЖЫЛ

Азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда әкімшілік Әділет институты ерекше рөл атқарады. Әкімшілік сот ісін жүргізу – азаматтар мен заңды тұлғалардың мемлекеттік органдар, лауазымды адамдар әрекеті мен шешіміне шағымдану тәртібін реттейтін құқықтық процесс.

## ӘКІМШІЛІК СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Әкімшілік сот ісін жүргізу Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс шеңберінде реттеледі және ол 2021 жылдан бастап қолданысқа енгізілген. Әкімшілік соттың басты мақсаты – азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін мемлекеттік билік органдарының заңсыз әрекеттерінен қорғау.

Әкімшілік істердің негізгі ерекшелігі – тараптардың тең емес болуы. Бір тарапта мемлекеттік орган болса, екінші тарапта азамат немесе ұйым тұрады. Сондықтан сот әділдікті қамтамасыз ету үшін белсенді рөл атқарады, дәлелдемелерді жинауға және істің мән-жайын анықтауға көмектеседі. Әкімшілік сот ісін жүргізуде талап қоюшы мемлекеттік органның шешімін, әрекетін немесе әрекетсіздігін заңсыз деп тануды сұрай алады.

Әкімшілік сот ісін жүргізу – құқықтық мемлекеттің маңызды элементі. Ол мемлекеттік органдардың қызметін бақылап, заңдылық пен әділдікті қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, қазіргі уақытта әкімшілік сот ісін жүргізу тәжірибесінде бірқатар өзекті мәселелер сақталып отыр, олар ғылыми тұрғыдан талдауды және жүйелі шешімдерді талап етеді.

ӘРПК-нің негізгі қағидаттары – заңдылық, әділдік, мөлшерлестік, сенім құқығын қорғау, құқықтар басымдығының қағидаты және соттың белсенділігі. Көптеген даулардың туындауына

мемлекеттік органдардың әкімшілік рәсімдерді дұрыс сақтамауы себеп болады. Атап айтқанда – тұлғаны тыңдау қағидатының бұзылуы, негізсіз шешім қабылдау, рәсімдердің ашықтығы мен айқындылығының жеткіліксіздігі. Сондай-ақ, мемлекеттік органдардың процессуалдық мүмкіндіктері жоғары болғандықтан, тараптар теңдігі қағидаты әрдайым сақтала бермейді.

Сот шешімдерінің орындалмауы немесе кешіктіріліп орындалуы – әкімшілік әділеттіліктің тиімділігін төмендететін маңызды фактордың бірі. Бұл, әсіресе, мемлекеттік органдарға қатысты істерде жиі байқалады. Азаматтардың құқықтық сауаттылығының төмендігі де олардың өз құқықтарын тиімді қорғауына кедергі келтіреді.

Осыдан көріп тұрғанымыздай әкімшілік сот ісін жүргізу – азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді құралы. Дегенмен, оның толыққанды жұмыс істеуі үшін құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру, мемлекеттік органдардың жауапкершілігін арттыру қажет. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің тиімді жүзеге асырылуы құқықтық мемлекеттің нығаюына және қоғамның сот жүйесіне деген сенімінің артуына ықпал етеді.

**Б.МАХАМБЕТАЛИ,**  
Шалқар аудандық сотының  
судьясы  
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

Өңір

ПАРЛАМЕНТ

## ОБЛЫС ӘКІМІ ТҰРҒЫНДАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАДЫ

Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев тұрғындарды жеке қабылдап, түйткілді мәселелеріне құлақ түрді. Олардың қатарында баспана сұрап келгендер, жер телімінің құжаты дұрыс рәсімделмеген азаматтар, несие сін төлей алмай шығынға ұшыраған тұрғындар, қолдау сұрап келген жеке кәсіпкерлер де болды.



Қабылдауға келген Іле ауданының тұрғыны көрпе, жастық және тоқыма өнімдерін өндірумен айналысады. Қазіргі таңда 10 адамды жұмыспен қамтып отырған кәсіпкер. Өндірісте күніне екі мыңнан астам көрпе тігіледі. Кәсібін кеңейту мақсатында «Ауыл аманаты» бағдарламасы арқылы жеңілдетілген несие немесе грант алуға өтініш берген. Құжаттары Іле ауданы комиссиясының шешімімен «Қонаев» ӘКК-ге жолданған. Кәсіпкер өндіріске қажетті материалдарды тасымалдауға көмек сұрап, мамандар жұмысына

бағыт-бағдар берсе деген тілегін айтты. Облыс әкімі мемлекеттік бағдарламамен берілетін несие әр сала бойынша кезекпен бөлінетінін жеткізді.

Сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясымен бірігіп жұмыс істеу керекін айтты, тиісті басқарма басына өндіріске барына қолдау білдіруді тапсырды. Қарасай ауданынан келген зейнеткердің қызы «Сыбаға» және «АгроБизнес» мемлекеттік бағдарламалары аясында жалпы көлемі 50 млн теңге болатын несие алып, мал шаруашылығымен айналысуды бастаған.

Алайда сатып алынған малдың жұқпалы ауруға шалдығып, жаппай қырылуы салдарынан қарызды мерзімінде өтей алмаған. Енді азамат өзін банкрот деп тану жайлы немесе несие төлемі бойынша жеңілдік болса деген өтінішін айтты. Марат Елеусізұлы азаматтың атында мүлік болғандықтан, банкрот деп танылмайтынын түсіндірді. Ал қарыз беруші «Ұзынағаш-Несие серіктестігі» ЖШС өкілі қазіргі таңда мәселе сотта қаралып жатқандықтан несие төлемі бойынша үстемеақы тоқтатылып тұрғанын жеткізді.

Іле ауданының тұрғыны «Дружба» саяжайындағы жер телімін рәсімдеу бойынша мәселесін сөз етті. Заңды органдар жүргізген зерделеу жұмысы барысында аталған саяжайда жер телімі заңсыз таратылып, нәтижесінде 3 гектар аумақты 169 адам өз жері ретінде танып отыр. Бірақ олардың құжаты заңды түрде расталмаған. Аймақ басшысы жер қатынастары басқармасы және прокуратура өкілдеріне мәселені егжей-тегжейлі тексеріп, кінәлі тарап анықталып, алаяқтар жазасын алуы керекін айтты.

Қабылдау кезінде баспана мәселесімен келген жандар да бар. Марат Сұлтанғазиев елімізде пәтер белгіленген 8 санат бойынша кезекпен берілетінін түсіндірді. «Әр жыл сайын бюджет қаражатынан тұрғындарға арнайы пәтер сатып алынады. Бұл баспаналар «Отбасы банк» арқылы үлестіріледі. Ал ешқандай санатқа жатпайтын болса, онда демеушілер көмегіне жүгінуге болады. Олар ұсынысты қолдаған жағдайда ғана мәселені шешуге мүмкіндік бар», – деді облыс басшысы.

Алматы облысы әкімдігінің баспасөз қызметі

## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АТҚАРУШЫЛЫҚ ӨНДІРІСТЕ АЗАМАТ ҚҰҚЫҒЫ БАСЫМДЫҚҚА ИЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Баяндамашының сөзінен түйгеніміз, заң жобасының басты бағыттарының бірі – азаматтардың құқықтарын қорғау. Соңғы жылдары енгізілген жеңілдетілген атқарушылық өндіріс өзінің тиімділігін көрсетті. Мәселен, 2025 жылы 1,4 млн құжаттың шамамен 500 мыңы борышкерлер тарапынан ерікті түрде орындалған. Нәтижесінде азаматтар шамамен 2,4 млрд теңге үнемдеген. Енді осы тәжірибені кеңейту көзделіп отыр. Бұған дейін 20 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейінгі істер жеңілдетілген тәртіппен қаралса, жаңа заң жобасы аясында бұл шекті 40 АЕК-ке дейін арттыру ұсынылды.

Бұл азаматтарды қосымша шығындардан босатуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, сот орындаушыларына бірқатар жаңа міндеттер жүктелмек. Мәселен, борышкерді тұрғын үйден шығару туралы кемінде 10 күн бұрын ескерту енгізіледі. Бұл азаматтарға жаңа баспана табуға уақыт береді. Тағы бір маңызды норма – атқарушылық құжаттың мерзімі өтіп кеткен жағдайда барлық мәжбүрлеу шараларының күшін жою. Сондай-ақ, өндірісті аяқтаған сот орындаушысына бұрын басқа орындаушылар салған

барлық шектеулерді алып тастау құқығы беріледі.

Заң жобасында жеке сот орындаушыларының кәсіби деңгейін арттыруға да басымдық беріліп отыр. Енді олардың қызметі міндетті аттестация арқылы бағаланбақ. Бұл шарада білімін дәлелдей алмаған орындаушылар лицензиясынан айырылуы мүмкін. Сонымен қатар, салаға қойылатын талаптар күшейтіледі. Соңғы үш жыл ішінде сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған тұлғалар енді сот орындаушыларының көмекшісі немесе тағылымдамашысы бола алмайды.

Әділет органдарының бақылау өкілеттігі де кеңейтілмек. Бұл орайда тексеру барысында анықталған заңбұзушылықтарды жою туралы талаптарды орындамаған жағдайда, орындаушы лицензиясы уақытша тоқтатылуы мүмкіндігі қарастырылыпты. Сонымен қатар, қаржылық ашықтықты қамтамасыз ету үшін сот орындаушылары банктік шоттар бойынша үзінді көшірмелерді ұсынуға міндеттелмек.

Заң жобасында атқарушылық өндірісті одан әрі онтайландыруға бағытталған өзгерістер де қарастырылған. Мәселен, электронды сауда-саттық тәртібі жетілдіріліпті. Енді өндіріп алушы мүлкті аукционның кез келген

кезеңінде өзіне қалдыруға құқылы. Ал аукцион жеңімпазы төлем жасаудан бас тартқан жағдайда, сатып алу құқығы алдыңғы қатысушыларға беріледі. Бұл процестің үздіксіздігін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, сот орындаушыларының әрекеттеріне шағымдану тәртібі қайта қаралып, оны жедел әрі тиімді ету көзделген. Бұл азаматтардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Тағы бір жаңашылдық – құжаттарды басқа өңірге негізсіз жолдауға шектеу қойылады. Егер борышкердің жұмыс орны немесе орналасқан жері басқа аймақта болса, сот орындаушысы құжатты жібермей-ақ, жалақыдан ұстап қалу туралы қаулыны тікелей жолдай алады.

Жалпы алғанда, жаңа заң жобасы атқарушылық өндірісті заманауи талаптарға бейімдеп, азаматтардың құқықтарын қорғауды күшейтуге бағытталған. Сарапшылардың пікірінше, ұсынылған өзгерістер жүйенің ашықтығын арттырып, сот шешімдерінің орындалу тиімділігін едәуір жақсартуы тиіс. Құжат қабылданған жағдайда, жеке сот орындаушылары институты жаңа сапалы деңгейге көтеріліп, қоғамдағы сенім арта түспек.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

## ЖАСЫЛ ЕЛ

### «Өзіңнен баста!»

Орал қаласында Қазақстан инновациялық және телекоммуникациялық жүйелер университетінде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында «Өзіңнен баста!» тақырыбында студент жастармен кездесу өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты – «Таза Қазақстан» тұжырымдамасының идеологиясын кеңінен насихаттау, жастар арасында экологиялық мәдениет пен жауапкершілікті қа-

лыптастыру, қоршаған ортаға ұқыпты қарау құндылықтарын дәріптеу.

Кездесуге жастар саясаты және азаматтық белсенділік саласында еңбек етіп жүрген спикерлер қатысып, студенттермен ашық пікір алмасу жүргізді. Іс-шара барысында экологиялық бастамалардың маңыздылығы, жастардың қоғамдағы ролі, волонтерлік қызмет пен қоршаған ортаға деген қамқорлықты дамыту мәселелері қозғалды.

А.МӘУЛЕНБАЙ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

Қазақстанда жаңа урбанистік және экономикалық тәжірибе бастау алғалы тұр. Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен өткен Парламент палаталарының бірлескен отырысында екінші оқылымда қаралған «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заң осы үрдісті заңнамалық түрде қамтамасыз етпек.



## АЛАТАУ ҚАЛАСЫ - ӨҢІРЛІК ДАМУДЫҢ ДРАЙВЕРІ

Бұл бастама нені көздейді, қандай мүмкіндіктер мен тәуекелдер бар? Бұл жөнінде «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» заң жобасы бойынша негізгі баяндаманы жасаған Парламент палаталарының бірлескен комиссиясының төрағасы, Мәжіліс депутаты Нұртай Сабильянов егжей-тегжейлі жеткізуге тырысты. Нұртай Салихұлының айтуынша, заң жобасының мақсаты – Алатау қаласына ерекше құқықтық режим беру. Бұл дегеніміз, қалада кәсіпкерлік, инвестиция және басқару салаларында жалпыұлттық нормалардан бөлек, икемдірек ережелер қолданылуы мүмкін. Осыған орай құжатта «бизнес-лицензия», «салықтық преференциялар», «басым салалар» сияқты жаңа ұғымдар енгізілген.

Бұл нормалар инвесторлар үшін түсінікті әрі тұрақты орта қалыптастыруды көздейді. Әсіресе «қаржылық орнықтылық» қағидатының күшеюі – инвестициялық келісімдердің ұзақ мерзімге өзгеріссіз сақталуына кепіл болмақ. Заң жобасындағы маңызды жаңалықтардың бірі – инвестициялық жобалар бойынша толық ашықтық талабы. Енді инвестиция көлемі, берілген жеңілдіктер, міндеттемелер ашық ресурстарда жарияланып отырады. Бұл – Қазақстан үшін салыстырмалы түрде жаңа тәжірибе. Сарапшылар мұны «көлеңкелі келісімдердің» алдын алатын құрал ретінде бағалайды.

Сонымен қатар, арнайы режимді пайдаланып, басқа өңірлердегі бизнесті «қағаз жүзінде» көшіру арқылы жеңілдік алу мүмкіндігіне шектеу қойылған. Бұл шешім экономикалық әділеттілікті сақтауға бағытталған.

Алатау тек экономикалық жоба емес, сонымен қатар цифрлық урбанистика алаңы болмақ. Осыған орай заң жобасында инфрақұрылым, көлік, ТКШ, қауіпсіздік жүйелері толығымен бірнәғай цифрлық платформаға біріктіріледі. Бұл – «ақылды қала» (smart city) моделіне көшу әрекеті. Мұндай тәсіл басқару тиімділігін арттырып, шығындарды азайтуға мүмкіндік бермек.

Құжатта есептілік пен бақылау тетіктері де күшейтілген. Бұл талаптар негізінде әкімшілік жыл сайын бюджеттің орындалуы туралы есеп беріп, олар түгелдей ғаламторда жарияланады. Сонымен қатар Үкімет

пен Жоғары аудиторлық палата есептеріне енгізіледі. Әкімшілік актілерге сот арқылы шағымдану мүмкіндігі де нақты бекітілген. Бұл – құқықтық мемлекет қағидаттарының сақталуына бағытталған маңызды қадам.

Депутаттар құжатты талқылау барысында әлеуметтік бағыттағы бірнеше өлшемдер енгізілді. Халық қалаулыларының ұсынысымен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді орта қалыптастыру, кешенді дизайн қағидатын енгізу, экология талаптары күшейтілді. Нұртай Салихұлының айтуынша, бұл шаралар жаңа қаланың тек экономикалық емес, әлеуметтік жауапты жоба болуын қамтамасыз етеді.

Заң жобасын әзірлеуде Қытайдың арнайы экономикалық аймақтары, әсіресе Шэньчжэнь тәжірибесі негізге алыныпты. Осы ретте Сабильянов мырза Қазақстан моделі – толық көшірме емес, ұлттық құқықтық жүйеге бейімделген нұсқа екенін шегелей айтты.

Алатау қаласына арнаулы мәртебе беру – Қазақстан үшін стратегиялық эксперимент екені анық. Бұл жобаның ұсынатын мүмкіндіктері жаңа инвестициялық ағын, инновациялық басқару, өңірлік дамудың жаңа драйвері болады деген үміт бар. Десе де тәуекелдер де жоқ емес. Нұртай Салихұлы оларды жасырып қалмады. Депутаттың айтуынша, құқықтық нормалардың күрделенуі, бақылау, әсіресе – жемқорлық қаупі, өңірлер арасындағы теңсіздік туындау қаупі бар. Сондықтан бұл жоба тек заң қабылдаумен шектелмей, оның іске асу сапасына тікелей тәуелді.

Қосымша баяндама жасаған Премьер-Министрдің орынбасары Қанат Бозымбаев бұл заң Алатауды дамыту үшін елімізде бұрын қолданылмаған жаңа тәсілдерге негізделген құқықтық база қалыптастыратынын атап өтті. Бірлескен отырыс қорытындысы бойынша депутаттар «Алатау қаласының арнаулы құқықтық режимі туралы» Конституциялық заңды екінші оқылымда қабылдады.

Төктерін айтқанда, Алатау – болашақтың қаласы ма, әлде тағы бір декларативті жоба ма – оны уақыт пен тиімді басқару ғана көрсетеді.

А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,  
«Заң газеті»

## ОҢ ҚАДАМ

### Аяғездіктер баспаналы болды

Абай облысының әкімі Берік Уәли Аяғөз ауданына жұмыс сапарымен барды. Аймақ басшысы әуелі аудан орталығында баспана кілттерін табыстау рәсіміне қатысты.

5 қабатты, 60 пәтерлі тұрғын үй «Отбасы банк» акционерлік қоғамы арқылы «Тұрғын үй жағдайларын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шаралары» бағдарламасы аясында кезекте тұрған көп балалы отбасыларға, жетім балаларға, 1 және 2 топтағы мүгедектерге, бюджеттік ұйымдардың қызметкерлеріне бөлу үшін берілді. Аталған тұрғын үйден 31 отбасыға пәтер кілті салтанатты түрде табысталды. Облыс әкімі баспаналы болған тұрғындарды қуаныштарымен құттықтады.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықтың тұрмыс сапасын арттыру жөніндегі тапсырмасына сәйкес Абай облысында тұрғындарды баспанамен қамту жұмыстары жүйелі түрде жүзеге асуда. Аяғөз қаласындағы салынған осы 60 пәтерлі тұрғын үйдің кілтін табыстау рәсімі мұның айқын дәлелі. Дәл бүгін бірқатар өңір тұрғындары өздерінің қоныс тойларын тойлайтын болады. Бұл – мемлекеттің халық алдындағы әлеуметтік жауапкершілігінің нақты көрінісі. Бүгін табыстатын әрбір баспана – бір отбасының жаңа өмірге жасаған қадамы, балалардың болашағына жол ашқан игі бастама», – деді Берік Уәли.

Е.КЕБЕКБАЙ  
АБАЙ ОБЛЫСЫ

**БІЛГЕН ЖӨН**

Мемлекеттік қызметтерді сапалы көрсету – әділет органдары жұмысының негізгі бағыттарының бірі. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуде барлық азаматтар үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету және қызмет көрсету процесін үнемі жетілдіру маңызды.

**«Е-АПОСТИЛЬ»  
ҚЫЗМЕТІН АЛУ ЖЕҢІЛДЕДІ**



**Д.ЖАХИНА,**  
Ақмола облысы Әділет департаментінің коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу және тіркеу қызметі саласындағы бақылау бөлімінің бас маманы

Мысал ретінде аумақтық әділет органдары көрсететін «Қазақстан Республикасының Әділет органдары мен өзге де мемлекеттік органдардан, азаматтық хал актілерін және өзге де мемлекеттік органдарынан сондай-ақ нотариустардан шығатын ресми құжаттарға апостиль қою» мемлекеттік қызметін келтіруге болады.

Ең алдымен апостиль – бұл құжатқа қол қойған тұлғаның қолының түпнұсқалығын, оның өкілеттігін, сондай-ақ құжатта қойылған мөрдің немесе мөртабанның шынайылығын растай-

тын арнайы мөртабан екенін атап өткен жөн.

Апостиль Қазақстаннан тыс жерлерде ресми құжаттарды пайдалану кезінде маңызды рөл атқарады, өйткені ол олардың түпнұсқалығын растайды. Осыған байланысты мемлекеттік қызметті дұрыс алу ерекше маңызға ие. Бұрын бұл қызмет тек қағаз түрінде көрсетіліп, электрондық форматта алу мүмкіндігі болмаған.

2021 жылдан бастап Қазақстан Республикасының азаматтарына мемлекеттік қызметті қағаз түрінде ғана емес, электрондық форматта да алу мүмкіндігі берілді, өйткені қызмет көрсету процесі автоматтандырылып, жетілдірілді. Бұл ретте мемлекеттік қызметті алу үшін құжаттардың ең аз пакеті талап етіледі: қағаз түріндегі өтініш немесе қызмет алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық өтініш, апостиль қоюға жататын құжат, мемлекеттік баждың бюджетке төленгенін растайтын құжат және қызмет алушының өкілі жүгінген жағдайда нотариалды куәландырылған сенімхат.

Құжаттар қағаз түрінде тапсырылған кезде мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі екі жұмыс күнін құрайды, ал электрондық үкімет порталы арқылы бір жұмыс күні ішінде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімінің қысқа болуы және қызметті электрондық форматта алу мүмкіндігі қолайлылықты, уақытты үнемдеуді және қызметтің қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

**КӨКЖИЕК**

**ЕЛ ҚУАТЫ АДАМИ КАПИТАЛМЕН  
ӨЛШЕНЕДІ**

Қазіргі әлемде мемлекеттердің қуаты табиғи ресурстарымен емес, адами капиталмен өлшенеді. Бәсекеге қабілеттілік біліммен айқындалады. Сондықтан білім беру жүйесін дамыту – жай ғана өлеуметтік саладағы міндет емес, бұл – ұлттық қауіпсіздік пен тұрақты дамудың негізгі факторы.

Қазақстан Республикасының Президенті өз жолдауларында білім мен ғылымды дамыту мәселесін үнемі басты назарда ұстап келеді. Әсіресе, сапалы білім беру, жастардың кәсіби әлеуетін арттыру, еңбек нарығына бейімделген кадрлар даярлау – мемлекеттік саясаттың өзекті бағыттарына айналды. Бұл бастамалар Біріккен Ұлттар Ұйымының Тұрақты даму мақсаттарымен, оның ішінде ЦУР 4 – «Сапалы білім» қағидаттарымен толық үндеседі.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістер кезеңін бастан өткеруде. Классикалық оқыту үлгісінің орнына икемді, инновациялық және цифрлық білім беру моделі қалыптасуда. Бұл өзгерістердің басты мақсаты – тек білім беру емес, бәсекеге қабілетті, ойлау қабілеті жоғары, жауапкершілігі мол тұлға қалыптастыру.

Осы тұрғыда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті еліміздің жоғары білім беру жүйесінің флагманы ретінде айрықша рөл атқарады. Университет тек білім ордасы ғана емес, ұлттық зияткерлік элитаны қалыптастыратын стратегиялық алаңға айналып отыр. ҚазҰУ халықаралық білім кеңістігінде өз орнын нығайтып, инновациялық білім беру технологияларын енгізуде алдыңғы қатардан көрінуде. Университет құрылымындағы Экономика және бизнес жоғары мектебі – экономиканың түрлі салалары үшін жоғары білікті мамандар даярлайтын жетекші орталықтардың бірі. Бұл факультет еңбек нарығының нақты сұранысына жауап беретін білім беру бағдарламаларын іске асырумен ерекшеленеді.

Аталған құрылымдағы «Бизнес-технологиялар» кафедрасы білім беру мазмұнын үнемі жаңартып, заман талабына сай бейімдеуде. Кафедра жүзеге асыратын «Маркетинг» білім беру бағдарламасы – бүгінгі цифрлық экономика жағдайында аса сұранысқа ие бағыттардың бірі.

Маркетинг – бұл тек тауарды сату емес, бұл – тұтынушыны түсіну, на-

рықты болжау, стратегия құру, бренд қалыптастыру. Сондықтан аталмыш бағдарлама студенттерге тек теориялық білім берумен шектелмей, нақты нарықтық жағдайларда шешім қабылдай алатын кәсіби дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Бағдарлама аясында студенттер: – нарықтық талдау жүргізуді; тұтынушы мінез-құлқын зерттеуді; брендті басқару мен коммуникациялық стратегия құруды; цифрлық маркетинг құралдарын қолдануды; бизнес-жоспарлау мен стратегиялық ойлауды меңгереді.

Ерекше атап өтерлігі – оқу үдерісінде заманауи технологиялар кеңінен қолданылады. Big Data, маркетингтік аналитика, цифрлық платформалар, жобалық оқыту және нақты бизнес-кейстер студенттердің практикалық тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Бұл – тұлғалардың еңбек нарығында сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететін басты факторлардың бірі.

Қазіргі таңда Қазақстан білім беру жүйесін жаңғырту арқылы жаһандық бәсекеге қабілетті мемлекет құру жолында нық қадам жасап келеді. Бұл үдерісте жоғары оқу орындарының рөлі айрықша. Әсіресе, ҚазҰУ сияқты жетекші университеттердің тәжірибесі – білім беру сапасын арттырудың тиімді үлгісі.

Бүгінгі студент – ертеңгі экономиканың қозғаушы күші. Ал олардың сапалы білім алуы – елдің ертеңгі табысының кепілі. Сондықтан сапалы білімге салынған инвестиция – ең қайтарымды, ең ұзақ мерзімді және ең стратегиялық инвестиция. Ендеше, білімге бетбұрыс – болашаққа бастап ең дұрыс жол.

**Гүлшат ЖУНУСОВА,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің 2 курс маркетинг мамандығының докторанты,  
**Аруна БЕКМЕТОВА,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің «Бизнес-технологиялар» кафедрасының аға оқытушысы

**БІР МҮДДЕ**

**ҚАУІПСІЗ ҚОҒАМ ҚҰРУ –  
ҮЛКЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК**

Түркістан өңірінде құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заң үстемдігін орнықтыру және қоғамда әділеттілік қағидаттарын терең орнықтыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүзеге асырылып келеді. Тәртіп сақшыларының тыңғылықты қызметі нақты нәтиже бере бастағаны байқалады.

Осы тұрғыда Түркістан облысында жүзеге асырылып жатқан «Нәлдік төзімділік» қағидаты, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы мен «Қауіпсіз қоғам» жобасы өңірдегі құқықтық ахуалды тұрақтандыруда маңызды рөл атқарып келеді.

Соның нақты бір көрінісі – Кентау қаласында өткен ауқымды профилактикалық кездесулер барысында айқын көрініс тапты. Облыс полициялері жастармен тікелей диалог орнатып, олардың құқықтық санасын қалыптастыруға басымдық беріп келеді. Бұл мақсатта өскемен ұрпақпен құқықтық профилактикалық бағыттар бойынша шаралар жиі ұйымдастырылады. Мәселен, жуырда өткен 9-11 сныптың 250-ге жуық оқушысы қатысқан кездесу барысында, қоғамдағы ең өзекті мәселелердің бірі – діни экстремизм мен теріс ағымдардың алдын алу тақырыбы жан-жақты талқыға түсті.

Кездесуде теолог маман Арыстан Оспанов, полиция бөлімі бастығының орынбасары Азамат Сәрсенқұлов пен ювеналды полиция тобының жетекшісі Жанболат Ахметов жастарға рухани иммунитет қалыптастырудың маңызын кеңінен түсіндірді.

– Жастардың тәлім-тәрбиесі мен құқықтық сауаттылығына ерекше назар аударылуы тиіс. Жас ұрпақты келешек нашақорлық, ішімдікке салыну, құмар ойындарға әуес болу сияқты қатерден сақтау қажет. Бұл олардың денсаулығымен қатар болашағына да зор қауіп төндіреді. Қазіргі ақпарат ағыны заманында жастардың бір-ақ сәтте адасып қалуы әбден мүмкін. Бұған тек құқық қорғау органдары ғана емес, тұтас қоғам аса үлкен жауапкершілікпен қарағаны жөн, – дейді Жанболат Ахметов.

Шара барысында сала мамандары адалдық, мейірімділік, сабырлық секілді құндылықтардың тежеке адамның емес, тұтас қоғамның тұрақтылығына да әсер ететінін атап өтті. Бұл – қазіргі әлеуметтік желілер арқылы сан түрлі ақпараттар заманы-



*– Жастарға тек құқықтық нормаларды сақтау ғана емес, рухани тұрғыдан да берік болу қажет. Себебі құқық бұзушылықтың алдын алуда рухани тәрбие мен құқықтық білім өзара тығыз байланысты. Білім беру орындары мен арнайы сала мамандары бірлесіп әрекет еткенде ғана жастар дұрыс жолды таңдай ала мақ,- дейді теолог маманы Арыстан Оспанов.*

да жастарды арасудан сақтайтын басты бағдар екені сөзсіз.

Кездесу кезінде діни дұрыс түсіну, жалған ағымдардың ықпалынан қорғану, ұлттық дәстүр мен мәдениетті қадірлеу мәселелері де кеңінен қозғалды.

– Жастарға тек құқықтық нормаларды сақтау ғана емес, рухани тұрғыдан да берік болу қажет. Себебі құқық бұзушылықтың алдын алуда рухани тәрбие мен құқықтық білім өзара тығыз байланысты. Білім беру орындары мен арнайы сала мамандары бірлесіп әрекет еткенде ғана жастар дұрыс жолды таңдай ала мақ,- дейді теолог маманы Арыстан Оспанов.

Полиция қызметкерлері өз кезегінде қауіпсіздік мәселелеріне ерекше тоқталып, білім беру ұйымдарындағы сақтық шараларын күшейтудің маңыздылығын түсіндірді. Бұл – тек құқық қорғау органдарының емес, ата-аналар мен ұстаздардың да ортақ жауапкершілігі екенін атап өтті.

Сонымен қатар құқық қорғау саласында ішкі кәсіби дайындықты жетілдіру бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатқанын атап өткен жөн. Түркістан облысы Полиция департаментінің бастамасымен ұйымдастырылған профилактикалық жиында заңнамалық өзгерістер мен киберқылмысқа қарсы іс-қимыл мәселелері де кеңінен талқыланды.

Атап айтқанда, «Құқық бұзушылықтар профилактикасы туралы» заңға енгізілген жаңашылықтар құқық қорғау қызметінің жаңа кезеңге өткенін айғақтайды. Бұл өзгерістер құқық бұзушылықтың алдын алу механизмдерін жетілдіріп қана қоймай, полиция қызметкерлерінің жауапкершілігін де арттыра түспек.

Жиында ерекше назар аударылған бағыттардың бірі – интернет алаяқтық. Қазіргі таңда цифрлық кеңістіктегі қылмыс түрлері күрделене түсіп, азаматтарға айтарлықтай қауіп төндіріп жатқаны рас. Бұған себеп тек жыл басынан бері ғана өңірде интернет алаяқтықтың 168 дерегі тіркеліп, оның 54-і ашылғаны – бұл бағыттағы жұмыстың қарқын алғанын көрсетеді. Дегенмен, бұл көрсеткіш мәселенің әлі де өзекті екенін аңғартады.

Киберқылмысқа қарсы іс-қимыл басқармасының басшысы Куанышбай

Төлегенұлының айтуынша интернет алаяқтықпен күресті күшейту – уақыт талабы.

Бұл ретте Түркістан облысында жүргізіліп жатқан ақпараттық-түсіндіру жұмыстарының ауқымы айтарлықтай кеңейіп келе жатқанын атап өткен жөн. Мемлекеттік тілде дайындалған сапалы ақпараттық өнімдер арқылы тұрғындарға заң талаптары, құқықтық нормалар және қауіпсіздік шаралары жүйелі түрде жеткізіліп келеді.

Жалпы алғанда, өңірде жүргізіліп жатқан жұмыстар құқық қорғау органдарына деген сенімді арттыруға, қоғамда заңға құрмет мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. «Нәлдік төзімділік» қағидаты тек құқық бұзушылыққа емес, кез келген тәртіпсіздікке қарсы тұруды көздейді. Бұл – өркениетті қоғамның басты белгісі.

**Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ**  
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ



**ШІКІР**

**Заңды түсіндіруде  
БАҚ-тың рөлі зор**

Құқықтық мемлекет құру – Қазақстанның стратегиялық басымдықтарының бірі әрі конституциялық дамудың басты бағыты. Бұл ұстаным тек заңдардың қабылдануымен немесе мемлекеттік институттардың құрылуымен шектелмейді. Құқықтық мемлекеттің берік іргетасы ең алдымен қоғамдағы құқықтық мәдениеттің деңгейімен айқындалады. Себебі заң қаншалықты жетілдірілгенімен, егер оны азаматтар білмесе, түсінбесе және күнделікті өмірде сақтама-са, әділетті әрі тұрақты қоғам қалыптастыру мүмкін емес.

Құқықтық мәдениет – бұл азаматтардың заң нормаларын білуі ғана емес, оларды құрметтеу, құқық пен міндеттің арақатынасын түсіну және құқықтық құралдарды саналы түрде пайдалана білу қабілеті. Өз құқықтары мен міндеттерін жете түсінетін адам заң бұзушылыққа жол бермей, өзгелердің де заңды мүдделеріне құрметпен қарайды. Мұндай көзқарас қоғамдағы өзара сенімді нығайтып, құқықтық тәртіптің сақталуына негіз болады.

Бүгінде мемлекет тарапынан халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған бірқатар жүйелі шаралар жүзеге асырылып келеді. Ашық сот процесі, электронды сот кабинеттері, цифрлық мемлекеттік қызметтер, тегін құқықтық кеңес беру орталықтары – соның айқын дәлелі. Бұл тетіктер азаматтарға өз құқықтарын қорғауды жеңілдетіп, құқыққа қолжетімділікті арттыруға бағытталған. Алайда құқықтық мәдениетті қалыптастыру тек мемлекеттік органдардың міндеті деп қарастыру жеткіліксіз. Бұл – бүкіл қоғамның, соның ішінде азаматтық сектордың, білім беру мекемелерінің және бұқаралық ақпарат құралдарының ортақ жауапкершілігі.

Құқықтық ақпарат құралдарының, әсіресе заңға маманданған басылымдардың рөлі ерекше. Олар заң талаптарын түсіндіріп қана қоймай, құқық қолдану тәжірибесін талдап, азаматтардың құқықтық санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Заң басылымдары арқылы сот тәжірибесінің



**А.ТЛЕГЕНОВА,**  
Ақтобе облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты әкімшісінің бас маманы, сот отырысының хатшысы

ашық жариялануы құқық нормаларын біркелкі қолдануға және заң үстемдігін қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Сонымен қатар, құқықтық мәдениет жас кезден қалыптасуы тиіс. Мектеп пен жоғары оқу орындарында құқықтық білім беру жүйелі түрде жүргізілген жағдайда, жастар заңды шектеу ретінде емес, өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиімді құралы ретінде қабылдайды.

ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҒЫ

# АЖЫРАСУ – ӨТЕ КҮРДЕЛІ ПРОЦЕСС

(Соңы. Басы 1-бетте)

Зандық рәсімдерден бөлек, ажырасудың балаға тигізер психологиялық зардабының өте зор екенін ата-аналар ұғынуы қажет. Ата-аналар арасындағы кикілжің, өзара айыптаулар және сот процесіндегі дау-дамай баланың жүйке жүйесіне, оның әлемге деген сеніміне

раптан кек алу немесе шантаж жасау үшін «қару» ретінде пайдалануға мүлдем болмайды.

2) Бір-бірін қаралап, жамандамау – бала үшін әкесі де, анасы да ең жақын адамдар, олардың біреуі туралы жаман сөз есту баланың ішкі жан-дүниесін күйретеді.

3) Ашық сөйлесу – ажырасу тек ере-

– бүгінгі таңда мұндай сезімтал дауларды өркендеті жолмен шешу үшін медиация институты кеңінен қолданылуда. Кәсіби медиатордың немесе адвокаттардың көмегімен ата-аналар соттағы ұзақ айтыс-тартысқа бармай-ақ, баланың тұрғылықты жері, алимент төлеу және кездесу тәртібі туралы өзара бейбіт – «Бала туралы келісім» түзе алады. Бұл баланың психологиясын жаракаттанудан сақтап қалудың ең тиімді әрі сауатты жолы.

Отбасындағы некенің бұзылуы ерлі-зайыптылардың бірлескен өміріне нүкте қойғанымен, олардың «ата-ана» мәртебесін жоймайды. Ер мен әйел бұрынғыдай ерлі-зайыпты болмауы мүмкін, бірақ олар бала үшін өмір бойы ата-ана болып қала береді. Сондықтан кәсіпкерге толмаған баласы бар отбасындағы ажырасу процесіндегі ең үлкен жеңіс – соттағы ұтыс немесе мүлікті бөліп алу емес, баланың болашағы үшін екі ата-ананың да мейірімі мен қамқорлығын сақтап қалу.

**Алмагул ДУСИМОВА,**  
**Маңғыстау облысы кәсіпкерге**  
**толмағандардың істері жөніндегі**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**сотының судьясы**



сызат түсіреді. Сондықтан мамандар мынадай маңызды қағидаларды қатаң ұстануға ата-аналарға кеңес береді:

1) Баланы манипуляция құралына айналдырмау яғни баланы екінші та-

сектердің қабылдаған шешімі екенін және оған баланың ешқандай кінәсі жоқтығын оның жасына сай түсіндіру қажет.

Бейбіт шешім, медиацияның рөлі

БАЗЫНА

# ТІЛГЕ ДЕГЕН ЖАНАШЫРЛЫҚ ЖЕТІСПЕЙДІ

Тіл – халық тұтастығының негізі. Кеңес одағының тұсындағы саясат бойынша, коммунизмге жету үшін барлық халықтың бір тілді болуы басты шартқа айналды. Соның нәтижесінде орыс тіліне ерекше мүмкіндік беріліп, оны игерудің маңыздылығы жоғары тұрды. Нәтижесінде, сол дәуірдегі қазақ қоғамында халықтың дүниетанымы өзгерістерге ұшырап, қазақтардың өз тіліне, салт-дәстүрі мен әдеп-ғұрпына нәміқұрайлы қарау құбылысы байқалды. Тіл саясатының теріс сақдары өлі де жойылған жоқ.

Мәселен, еліміздің Тәуелсіздік алғанына 30 жылдан астам уақыт өтті. Дегенмен, қазақ тілі барлық салада толыққанды қолданылмай жатыр. Мемлекеттік тіл дегенде қоғамның басым көпшілігі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік қызметкерлерге назар аударады. Бұл қате түсінік, себебі ол саясатқа барлығы араласу қажет. Ең қарапайым нәрсені алып қарайышы – барлығымыз еліміздегі цифрландыру қызығына еніп, күнделікті өмірде телефон арқылы тапсырыс беру, ақша салу, аудару, алу, әртүрлі төлемдер жасау, оның ішінде жол ақысы, азық-түлік, коммуналдық төлемдер, банк карталарымен немесе QR-код арқылы қолданған кезде әдеттегідей орыс тілі-



лық тергеу сотына келер болсам, құжат айналымы бойынша 2026 жылдың 18 наурызына дейін келіп түскен материалдар мен шағымдардың саны 360 құжат, оның ішінде 76 құжат мемлекеттік тілде болған. Яғни, мемлекеттік тілдің үлесі 21% құрайды. Осыдан кейін не себептен көрсеткіш төмен деген заңды сұрақ туындайды. Себебі, «Тіл туралы» заңның 13-бабында Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады делінген. Сотқа тергеу органдары жіберген жадығаттар қай тілде жолда-

нады, яғни сот істер мен жадығаттарды сол тілде қарайды.

Соттағы шығыс құжаттары мен ішкі құжаттар, барлық мемлекеттік мекемелермен, азаматтармен хат алмасулар 100 пайыз мемлекеттік тілде әзірленеді. Сотта құжаттардың мемлекеттік тілде орындалуы мамандарға да үнемі ескертіліп отырады. Оған апта сайын мониторинг жүргізілуде. Сонымен қоса, 14-15 наурыз күндері мамандар арасында «Мемлекеттік тілді дамыту және сапасын көтеру», «Мемлекеттік тіл – іс қағаздарын жүргізу тілі» деген тақырыптарда семинарлар өткен.

Әрине, өзін сияқты мектепті, кейін жоғары оқу орнын орыс тілінде аяқтағандарға қазақ тілінде тілдесу қиын болатыны рас. Бірақ өз басым күнделікті өмірде, жұмыста, үйде, қоғамдық көлікте, интернет желісінде қазақ тілін көбірек қолданып, әртүрлі газет, журналдарды, кітаптарды оқып, семинар сабақтарын, әртүрлі өтініш-арыздар, өтінімдер, мақалаларды өз ана тілінде жазуды әдетке айналдырғанмын. Қазақ тілін меңгеруге болады, ең бастысы әр азамат мемлекеттік тілде сөйлеп, ана тіліне жанашыр болса болғаны.

**Д.БАҚТЫБАЙ,**  
**Абай облысы Семей қаласының**  
**мамандандырылған тергеу**  
**сотының бас маманы**  
**сот мәжілісінің хатшысы**

... қазақ тілі барлық салада толыққанды қолданылмай жатыр. Мемлекеттік тіл дегенде қоғамның басым көпшілігі мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік қызметкерлерге назар аударады. Бұл қате түсінік, себебі ол саясатқа барлығы араласу қажет. Ең қарапайым нәрсені алып қарайышы – барлығымыз еліміздегі цифрландыру қызығына еніп, күнделікті өмірде телефон арқылы тапсырыс беру, ақша салу, аудару, алу, әртүрлі төлемдер жасау, оның ішінде жол ақысы, азық-түлік, коммуналдық төлемдер, банк карталарымен немесе QR-код арқылы қолданған кезде әдеттегідей орыс тіліне тандау жасаймыз. Сол әдіс тез әрі ыңғайлы болып көрінеді. Бұл біздің бүгінгі болмысымыз. Міне, осындай дүниеге мән беруіміз қажет.

Мемлекет тарапынан тілдің мәртебесін көтеруге бағытталған түрлі шаралар жасалғанымен, нәтижесі қуанаарлықтай емес. Үкіметтің №914 қаулысымен бекітілген Тұжырымдамада 2029 жылға қарай мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесін 84 пайызға жеткізу көзделген. Мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардағы құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесі 94 пайызды құрауы тиіс. Сот саласы да осы саясаттан тыс қалмай өз жоспарын бекітіп жұмыс жасауда. Атап өтсек Абай облыстық соты төрағасының 2026 жылдың 1-жартыжылдығына арналған жұмыс жоспары бойынша сот төрағалары, Сот әкімшісінің бас-

шылары, мамандар, облыстық соттың БАҚ жұмысын үйлестіруші судья және тағы басқалар тіл мәртебесін көтеруге өз денгейінде шара қолданып жатыр. Оның ішінде түрлі мақалаларды жарыққа шығару, сот мамандары арасында семинар сабақтарын өткізу, басқа мемлекеттік мекемелермен, құқық қорғау органдарымен, қорғаушылармен қазақ тілінде қаралатын істер санын арттыру мақсатында дөңгелек үстел ұйымдастырылуда. Құжат айналымының мемлекеттік тілдегі үлесіне мониторинг ай сайын жасалады. Әрбір сот, өз құзыры шеңберінде іске қатысушылардың пікірлерін ескере отырып сот ісін жүргізу тілін орыс тілінен қазақ тіліне көшіру туралы сот актілерін шығарып жатыр.

Өзім қызмет етіп жүрген Семей қаласының мамандандырылған ауданара-

БЕЗБЕН

Ата-ана құқығынан айыру отбасы-құқықтық қатынастағы баланың құқығы мен заңды мүддесін қорғаудың ерекше нысаны болып табылады. Бұл мәселе «Неке және отбасы туралы» кодекстің нормаларымен реттеледі. Аталған шара тек ерекше жағдайларда және тек сот тәртібімен қолданылады, себебі ол ата-ананың конституциялық құқығына елеулі шектеу қояды.

# АТА-АНА ҚҰҚЫҒЫНАН АЙЫРЫЛҒАНДАР ДА АЛИМЕНТ ТӨЛЕЙДІ

Кодекстің 75-бабына сәйкес, ата-аналық міндеттерін орындаудан жалтарса, оның ішінде алимент төлеуден қасақана жалтарса; өз баласын перзентханадан, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарынан және өзге де ұйымдардан алудан дәлелсіз себептермен бас тартса; өздерінің ата-ана құқықтарын теріс пайдаланса; балаға қатыгездік көрсетсе, оның ішінде оған күш қолданса немесе психикасына зорлық жасаса, оның жыныстық тиіспеушілігіне қастандық жасаса; құмар ойындарға, бас тігуге, спирттік ішімдіктерге немесе есірткі, психотроптық заттарға және сол тектеске салынса, олар ата-ана құқығынан айрылады. Бұл нормалар баланың қауіпсіздігі мен дұрыс дамуын қамтамасыз ету мақсатында енгізілген.

Кодекстің 76-бабына сәйкес, ата-ана құқығынан айыру туралы істерді сот қарайды. Істі қозғауға құқылы субъектілер – ата-ананың бірі немесе баланың басқа да заңды өкілдері, прокурор, қорғанышлық және қамқоршылық органы, кәсіпкерге толмаған баланың құқықтарын қорғау жөніндегі ұйымдар.

Сот процесінде міндетті түрде прокурордың қатысуы қамтамасыз етіліп, қорғанышлық және қамқоршылық органының қорытындысы ұсынылады. Бұл талаптар баланың құқықтарын жан-жақты қорғау мақсатында енгізілген. Азаматтық процесілік кодекстің нормаларына сәйкес, сот дәлелдемелерді жан-жақты, толық және объективті түрде зерттеуге міндетті. Атап айтқанда, сот ата-ананың өмір сал-

тың, баламен қарым-қатынасын; материалдық қамтамасыз ету деңгейін; медициналық және психологиялық жағдайларын, куәлардың айғақтарын қарастырады.

Кодекстің 77-бабына сәйкес, ата-ана құқығынан айырылған тұлға – баланы тәрбиелеу және онымен қарым-қатынас жасау құқығынан айырылады; баланың мүлкіне қатысты құқығын жоғалтады; мемлекеттік жәрдемақы мен жеңілдіктен айырылады. Алайда, ол баланы асырау міндетінен босатылмайды, алимент төлеу міндеті сақталады.

Кодекстің 78-бабына сәйкес, ата-ана өз құқықтарын қалпына келтіру туралы талап қоюға құқылы. Бұл үшін өзінің мінез-құлқын түбегейлі өзгерткенін дәлелдеуі, баланың мүддесіне қайшы келмеуі, қорғанышлық органының оң қорытындысын алуы қажет. Сот баланың пікірін және нақты жағдайларды ескере отырып шешім қабылдайды.

Жалпы ата-ана құқығынан айыру – баланың құқығын қорғаудағы қажетті шараның бірі. Аталған кодекс бұл институтты қолдану кезінде баланың мүддесін басты орынға қояды. Сот тәжірибесінде мұндай істер еркін және жеке қаралып, барлық мән-жайлар мұқият зерттеледі. Бұл – әділ шешім қабылдап, баланың қауіпсіз болашағын қамтамасыз ету кепілі.

**Е.АБДРАМАНОВ,**  
**Түркістан облысы кәсіпкерге**  
**толмағандардың істері жөніндегі**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**сотының судьясы**

ОЙ-ТАМЫЗЫҚ

# ЖАРАЛЫ АРҚАРДЫҢ КИЕСІ

«Сайдағы арқардың тұяғына тас батса, қырдағы арқардың мүйізі сырқырайды» деген сөз бар. Бұл арқардың өте сезімтал, бір-біріне өте жанашыр, ұйымшыл екенін, топтасып тіршілік етуге бейімделгенін аңғартса керек. Табиғаттың заңы қатал. Көз келген тіршілік иесінің табиғатта жауы болады. Арқардың басты жауы қасқыр мен адамдар болып отыр. Қасқыр табиғаттың заңымен арқардың көрі-құртаң, ауру меңдегенін ұстап тамағын асыраса, ал адам баласы саналы түрде арқардың өті мен ай мүйізіне, бас терісіне қызығып, қастық жасап, заңсыздықпен қылмысқа баратыны бәлгілі жағдай.

2025 жылғы қазан айының екінші он күндігі. Қысқы соғымға союға арнаған өрісте жайылымда жүрген түйесін көздеп қайтуды алдын ала жоспарлап жүрген Арман бүгін күндегіден ерте тұрды. Жол таңдамас «Тойота» автокөлігін сайлап, керек-жарағын тез қамдап алды. Сағат 07:30 шамасында «Шопан Ата» қорымына қарай бағыт алып жолға шықты. Жүйткіген көлік әп-сәтте диттеген жеріне тез жеткізді. Іздеген түйесін сол маңнан тауып алып, ауылдан жақындарының көлігін шақыртып, сол көлікке тиіп оларды ауылға қарай бағыттап жолға салып жіберді. Өзі де ауылға кері қайтпақ болып тау етегіндегі жолмен жүріп келе жатып, көлігінің оң жақ қапталы терезесінен жол жиегінде жатқан арқарды көреді. Көлігін тоқтатып, арқардың қасына жақындап барады. Даланың тағы аңы адам жақындағанын сезіп орнынан тұрып қашпақшы болғанда, оның аяғының сынғанын көреді. Жаралы аңды оны ұстап алып, көлігінің жүксалғышына салып алады. Кеш батпай үйіне жеткен соң, арқарды азық ретінде пайдалану үшін бауыздап алып, еттерін тоңазытқышқа салып жайғастырып қояды. «Ел құлағы елу деген», Арманның арқар ұстап алғаны полицияның құлағына жеткен соң полиция қызметкерлері оның мекен-жайына тінту жүргізу үшін келеді. Заң талаптарына сай тінту әрекеттері жүргізген полиция қызметкерлері тоңазытқыштан арқардың етін, жазғы ас үйден басын, үй ауласынан тұяқ, терісін тауып алады.

Осы оқиға бойынша Арманға қатысты қылмыстық іс қозғалды. Іс сот отырысында қаралып, Арман өз



кінәсін толық мойындап, кешірім сұрап, шын өкінетінін, енді қайталамайтынын, кәсіпкерге толмаған балаларының барын, жанұя асыраушысы екенін айтып, өзіне жеңіл жаза тағайындауды сұрады.

Түпқараған аудандық соты істі таразылай келе, кінәлі азаматты Қылмыстық кодекстің 339-1-бабының 4-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп танып, 3 жыл 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын тағайындап, ҚК-нің 63-бабын қолданып, жазаны шартты жаза деп бекітті. Арман алдағы 3 жыл 6 ай мерзім ішінде пробациялық бақылауда болмақ.

Маңғаз Маңғыстаудың тұмса табиғатты тау бөктеріне көркемдік сыйлаған арқарымыз да киесен құр қалмағандай. Жаралы аңға жанашырлық таныту әрбір азаматтың парызы, ал жанашырлық танытпағанды қие ұратыны айдан анық. Халқымыз «Арқар өрген жер – ырыс» деп бекер айтпаған. Расымен де өр мінезді таудың рухы болып табылатын, аймүйізді арқарымыз қорғауға лайық.

**К.БӨЛЕЕВ,**  
**Түпқараған аудандық**  
**сотының бас маманы**  
**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ**

**АЙМАҚ**

Еліміздің өңірлік даму саясаты соңғы жылдары түбегейлі жаңа сипатқа ие болды. Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық бағдарға сәйкес, аймақтардың экономикалық әлеуетін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту және инвестициялық тартымдылықты күшейту – ұлттық дамудың да негізгі драйверлерінің біріне айналып отыр. Осы тұрғыдан алғанда, Маңғыстау облысында жүзеге асырылып жатқан жобалар тек өңірлік емес, жалпы республикалық деңгейдегі маңызы зор бастамалар ретінде ерекшеленетінін атап өткен жөн.

**КАСПИЙ ЖАҒАСЫНДАҒЫ СЕРПІЛІС**



Қойнауы қара алтынға тұнып тұрған қарт Каспийдің жағалауындағы Маңғыстау өңірі бүгінде экономиканы әртарап-тандыру, жаңа өндірістерді қалыптастыру және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді. Соның жарқын мысалы – балық шаруашылығы саласында қолға алынған инновациялық жоба десек қателеспеспіз.

Өңір экономикасына сүбелі үлесін қосып жатқан – Ақшұқыр ауылындағы «Kazakh Osseter» ғылыми-өндірістік кәсіпорнының бастамасы тек Маңғыстау үшін ғана емес тұтас еліміз үшін серпін берер іргелі жобалардың бірі. Бұл жерде бекіре тұқымдас балықтардан уылдырықты балыққа зиян келтірмей алу технологиясы енгізілуде. Әлемдік тәжірибеге сай келетін мұндай тәсіл экологиялық қауіпсіздік пен өндірістің тұрақтылығын да қамтамасыз етеді. Ең маңыздысы – бұл жоба тек бір кәсіпорынның табысы емес, тұтас саланың да жаңа сапалық деңгейге көтерілуіне жол ашпақ.

– Алдағы жылдары аталмыш жоба аясында жүздеген тонна тауарлы балық өндіріліп, мыңдаған шабақ өсіріледі. Уылдырық өндірісі де экспорттық әлеуетті арттыруға бағытталған. Еуропа мен Таяу Шығыс нарықтарына шығу жоспары – Маңғыстаудың халықаралық экономикалық байланыстарын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жаңа жұмыс орындарының ашылуы әлеуметтік тұрақтылыққа оң әсер етпек, – дейді Маңғыстау облысының әкімі Нұрдаулет Қылыбай.

Жалпы, өңірдегі мұндай өндірістік жобалар экономиканың шикізаттық емес секторларын дамытуға бағытталған мемлекеттік саясаттың нақты көрінісі. Бұл – ұзақ мерзімді тұрақты өсімге бастайтын жол.

Аймақтағы экономикалық даму тек өндіріс саласымен шектелмек емес. Әсіресе, тіршілігіне қан жүгіртетін инфрақұрылымның дамуы кез келген өңірдің басты тірегі. Осы бағытта Маңғыстау облысында ауқымды жұмыстар қолға алынған. Атап айтқанда облыстық мәслихаттың соңғы сессиясында 2026–2028 жылдарға арналған бюджет нақтыланып, қаржы ең алдымен әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымға бағытталатыны айқындалды.

Ақтау, Жаңаөзен, Бейнеу және Маңғыстау аудандарында жүзеге асырылатын жобалар – халықтың өмір сапасын арттыруға тікелей ықпал ететін маңызды бастамалар болмақ. Халықтың күнделікті тұрмысына басты қажет қарапайым электр, газ және су желілерін жаңғырту сол сияқты жаңа шағын аудандарды инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету – урбанизация үдерісін жүйелі түрде басқаруға мүмкіндік бермек. Бұл – тек бүгінгі қажеттілік емес, болашақтың да берік іргетасы болмақ.

Өңірдің индустриялық әлеуетін арттыру мақсатында инвестициялық жобалар да қарқынды түрде жүзеге асырылып келеді. Соның бірі – белоруссиялық «IAK-GROUP» компаниясының өнеркәсіптік сорғылар зауытын салу бастамасы. Құны 21 миллион АҚШ долларын құрайтын бұл айтулы жоба еліміздің импортқа тәуелділігін азайтуға бағытталыпты.

Бүгінде елімізде сорғы жабдықтарының басым бөлігі сырттан әкелінеді. Ал жаңа өндіріс ішкі нарықты қамтамасыз етіп қана қоймай, Еуразиялық

экономикалық одақ елдеріне экспорт жасауға мүмкіндік береді. Бұл – индустрияландыру саясатының нақты нәтижесі, отандық өндірісті қолдаудың тиімді тетігі.

Сонымен қатар, өңірде туризм мен денсаулық сақтау салаларын ұштастыратын ірі жобалар да жүзеге асырылуда. Ақтауда салынып жатқан «Нұр» санаторийлік-сауықтыру кешені – медициналық туризмді дамытуға бағытталған маңызды нысан. Каспий теңізінің жағалауында орналасқан бұл кешеннің басты

Caspian Sea Action Week 2026 халықаралық апталығы.

Бұл ауқымды шара Каспий теңізінің экожүйесін сақтау мәселесіне халықаралық қауымдастықтың назарын аударуға бағытталған. Апталық аясында экологиялық акциялар, ғылыми кездесулер, хакатондар мен халықаралық саммит өткізілмек. Іргелі шара халықаралық сипат алып, Каспий маңы елдерінің өкілдері, сарапшылар мен еріктілер бас қосатын бұл алаң нақты шешімдер қабылданатын ірі диалог кеңістігіне айналмақ.

Шараны ұйымдастырушылар мұндай бастамалар Қазақстанның экологиялық дипломатиядағы рөлін күшейтіп қана қоймай, өңірлердің халықаралық деңгейдегі беделін арттырады. Сонымен бірге, волонтерлік қозғалыстың дамуына жаңа серпін беретінін атап өтті.

Инвестициялық ынтымақтастық та өңір дамуының маңызды құрамдас бөлігі. Осы бағытта Маңғыстау облысы әлемдік ірі компаниялармен байланысын нығайтып келеді. «Chevron Direct Investment Fund Ltd» өкілдерімен өткен кездесу – соның айқын дәлелі.

Көлік-логистика, өңдеу өнеркәсібі, туризм және цифрлық технологиялар салалары инвесторлар үшін басым бағыт ретінде ұсынылуда. Бұл – өңірдің стратегиялық даму жоспарының нақты әрі жүйелі түрде жүзеге асырылып жатқанын көрсетеді.

ерекшелігі – жерасты термалды суларын пайдалану арқылы емдік қызмет көрсету.

– Заманауи талаптарға сай салынатын бұл кешен тек емдеу орны ғана емес, өңірдің туристік тартымдылығын арттыратын орталыққа айналмақ. Жүздеген адамға қызмет көрсететін нысан жаңа жұмыс орындарын ашып, қызмет көрсету саласының дамуына тың серпін бермек, – дейді Нұрдаулет Қылыбай.

Экономикалық даму мен инфрақұрылымдық жаңғыру экологиялық жауапкершілікпен қатар жүруі тиіс. Бұл қағида Маңғыстау өңірінде де берік ұстанымға айналған. Соның дәлелі – алдағы уақытта өтетін



**P.S.** Жалпы алғанда, Маңғыстау облысында жүзеге асырылып жатқан жобалар бір-бірімен тығыз байланысты кешенді даму моделін қалыптастырып отыр. Өндіріс, инфрақұрылым, экология және инвестиция – осы төрт бағыт та өзара үйлесім тауып, өңірдің жаңа экономикалық келбетін айқындауда. Бұл бастамалардың барлығы мемлекеттік саясаттың өңірлерді теңгерімді дамытуға бағытталғанын айғақтай түседі. Ең бастысы – бұл жобалар қағаз жүзінде қалмай, нақты іске асырылып жатқанын атап өткен жөн. Ал бұл өз кезегінде халықтың әл-ауқатын арттыруға, жаңа мүмкіндіктерге жол ашуға негіз болмақ. Маңғыстау бүгінде тек мұнайлы өңір ғана емес, инновация мен жаңғырудың, тұрақты дамудың символына айналып келеді.

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ  
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

**БАҒДАР**

**IT-САЛАСЫ ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА**

Қазақстанда цифрлық технологиялар қарқынды дамып жатқанын айқындайтын стратегиялық бағытына айналып отыр. Үкімет мәліметінше, IT-қызметтер экспорты алғаш рет 1 миллиард доллардан асып, салдағы өсімнің тұрақты екенін көрсетті. Бұл туралы Премьер-Министр Олжас Бектенов Үкімет отырысында айтты.



«Мемлекет басшысы Alem ai battle және AI Governance Cup байқауларының жеңімпаздарын марапаттау рәсімінде жаппай цифрландыру мен жасанды интеллектті енгізу елімізді жан-жақты жаңғыртудың негізгі факторларының бірі екенін атап өтті. Өткен жылдың қорытындысы бойынша біз IT-қызметтер экспортын 1 миллиард доллардан астам деңгейге жеткіздік. Осы қарқынды сақтап қалу үшін бар күш-жігерді жұмылдыру қажет. Халықаралық сарапшылардың бағалауынша, 2030 жылға қарай жасанды интеллекттің әлемдік экономикаға қосатын үлесі 22 триллион доллардан асады», – деді Үкімет басшысы.

Олжас Бектеновтің сөзінше, IT-сала ерекше қарқынмен дамып келеді, сондықтан жаһандық ауқымдағы цифрлық бәсекеге қабілетті болу үшін жұмыла жұмыс істеу керек.

«Еліміздің кәсіпорындарында цифрлық технологияларды енгізу өнімнің сапа-

сын, еңбек қауіпсіздігі мен өнімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жасанды интеллектті тиімді пайдалану үшін инфрақұрылымның даму деңгейі маңызды рөл атқарады. Біздің елімізде Alem.Cloud және AL Farabium өңірдегі ең ірі суперкомпьютер кластерлері орналасқан. Олар жаһандық TOP-500 рейтингіне кіреді. Мемлекеттік органдар мен бизнес тарапынан жасанды интеллект шешімдерін әзірлеу үшін суперкомпьютердің есептеу қуаттарын бөлуге қатысты өтініштер саны артты. Бұл қолданыстағы көлемдерді ұлғайту және осындай ресурстарды бөлу үшін икемді саясатын әзірлеу қажеттігін көрсетеді», – деді Премьер-Министр.

Жасанды интеллект министрлігіне есептеу қуатының шектеулі болуы тежеуші факторға айналып кетпеуі үшін тиісті шараларды қабылдау тапсырылды.

Аружан МАУЛЕНБАЙ,  
«Заң газеті»

**ГЕНДЕР**

**КЕМСІТУШІЛІККЕ ЖОЛ ЖОҚ**

Қазақстанда гендерлік теңдік адам құқықтарын қамтамасыз етудің маңызды бағыты ретінде заңнамалық деңгейде бекітілген. Гендерлік теңдік дегеніміз – ерлер мен әйелдердің құқықтары, бостандықтары және мүмкіндіктерінің тең болуы, сондай-ақ олардың қоғамдық өмірдің барлық саласына тең дәрежеде қатысуына жағдай жасау.



Дариға ТЕЗЕКБАЕВА,  
Ақтөбе қаласы №2  
сотының жетекші маманы

құқықтарын тану, жынысына байланысты кемсітушілікке жол бермеу, мемлекеттік және қоғамдық өмірдің барлық салаларында тең мүмкіндіктер жасау және гендерлік саясатты кешенді түрде жүзеге асыру көзделген.

Еңбек саласында гендерлік теңдік Еңбек кодексі нормаларымен қамтамасыз етіледі. Кодекске сәйкес, жұмыс беруші қызметкерді жынысына байланысты кемсіте алмайды және бірдей еңбек үшін бірдей ақы төлеу қағидаты сақталуға тиіс. Сонымен қатар жүкті әйелдерге, бала күтіміндегі ата-аналарға әлеуметтік кепілдіктер беріледі.

Отбасы қатынастары саласында теңдік Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодекс арқылы реттеледі. Кодекске ерлі-зайыптылардың құқықтары мен міндеттері тең екені, ортақ мүлікке тең құқықта иелік ету және балаларды тәрбиелеуде ата-аналардың тең жауапкершілігі бекітілген.

Осылайша, Қазақстан заңнамасы гендерлік теңдік қағидаттарын кешенді түрде бекітеді. Заң алдындағы теңдік, кемсітушілікке жол бермеу және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ету – мемлекеттік гендерлік саясаттың басты бағыттары.

Гендерлік теңдіктің құқықтық негізі – ҚР Конституциясы. Конституцияға сәйкес, заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең және ешкімді жынысына байланысты кемсітуге жол берілмейді. Бұл норма ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының конституциялық кепілдігі.

Гендерлік саясатты нақты іске асыру мақсатында ерлер мен әйелдердің тең құқықтарының және тең мүмкіндіктерінің мемлекеттік кепілдіктері туралы заң қабылданған. Аталған заңда гендерлік теңдіктің негізгі қағидаттары айқындалған. Атап айтқанда, ерлер мен әйелдердің тең

**КЕЗДЕСУ**

**САУАТТЫЛЫҚ МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ**

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының мамандары №56 жалпы орта білім беретін мектеп оқушыларымен кездесу өткізді. Кездесу барысында А.Шекенова мен К.Қувандиқова оқушыларға мемлекеттік қызметтің бағыттарын түсіндіріп, Әдеп кодексінің негізгі талаптарына тоқталды.

Сонымен қатар түлектерге мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының жұмысы туралы айтып, мемлекеттік қызметте, оның ішінде сот саласында қызмет атқаруға қызығушылықтарын арттыруға ықпалын тигізді. Шара соңында мамандар оқушылардың сұрақтарына жауап берді.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының баспасөз қызметі





# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРГЕ ТАЛАП ЖОҒАРЫ



Мемлекеттік қызмет – елдің тұрақтылығы мен дамуының көп-ілі. Бұл салада еңбек ететін әрбір азамат қоғам алдында үлкен жауапкершілік арқалайды. Себебі олардың күнделікті қабылдайтын шешімдері халықтың мемлекетке деген сеніміне тікелей әсер етеді. Осы сенімді сақтаудың негізгі құралдарының бірі – мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі. Аталған құжат қызметшілердің тек кәсіби әрекеттерін ғана емес, олардың ЖАЛПЫ МІНЕЗ-ҚҰЛҚЫ мен ҚОҒАМДАҒЫ бейнесіне нақты талаптарды белгілейді. Яғни, мемлекеттік қызметші әрдайым өз іс-әрекетінде ұстамдылық, әділдік және ашықтық қағидастарын ұстануы тиіс.

Қазіргі таңда әдеп нормаларын сақтау мәселесі ерекше назарда. Бұл бағытта мемлекеттік органдарда түрлі түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қызметкерлердің құқықтық мәдениетін арттыруға басымдық берілуде. Әсіресе,

тәжірибелік семинарлар мен оқыту кездесулері қызметшілердің этикалық нормаларды дұрыс түсінуіне ықпал етеді.

Сонымен қатар, Әдеп жөніндегі уәкілдердің қызметі де маңызды рөл атқарады. Олар ұжым ішінде туындайтын даулы мәселелерді реттеуге көмектесіп, қызметкерлерге дұрыс бағыт береді. Бұл өз кезегінде ішкі тәртіпті нығайтып, заңбұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік береді.

Әдеп талаптарының сақталуы – тек бақылау немесе жаза арқылы ғана емес, әр қызметшінің ішкі мәдениеті мен

жауапкершілігі арқылы қамтамасыз етіледі. Сондықтан бұл мәселе әр адамның жеке ұстанымына байланысты.

Мемлекеттік қызметшінің әдебі – мемлекеттің айнасы. Егер әрбір қызметкер өз міндетіне адал болып, талаптарды сақтаса, қоғам мен мем-

лекет арасындағы сенім нығая түсер еді.

**Г.АЛПЫСБАЕВА,**  
Түркістан облысы  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік соты әкімшісінің  
басшысы

## ЖАРНАМА

### ТАРАТУ

7. «RP Trade KZ (PII Трейд КЗ)» ЖШС (БСН 180840002723) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Сайран ықшамауданы, 14-үй, 500.

9. «Техснаб Трейдинг» ЖШС (БСН 130640000780) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, Райымбек даңғылы, 502А үй, 58-пәтер.

10. «ОПШ» ЖШС (БСН 150440025465) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Талдықорған қаласы, Т.Рүстембеков көшесі, 138-құрылыс, 3.

11. «Жаңа Жылысай» ЖШС (БСН 220440011926) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Кеген ауданы, Жылысай ауылдық округі, Жылысай ауылы, Әлмерек Абыз көшесі, 10-үй.

13. «ESIL-TASS» ЖШС (БСН 250440029101) өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Ақмола облысы, Есіл ауданы, Есіл қаласы, Ғарышкерлер көшесі, 3А үй, 25-пәтер.

16. «Ақ-жүрек» балабақшасы» жеке меншік білім мекемесі (БСН 150840010560) 1 тамыз 2025 ж. Аудандық білім бөлімінің №532 бұйрығы негізінде, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісу облысы, 041308, Панфилов ауданы, Басқұншы ауылдық округі, Алмалы ауылы, Солтанай Батыр көшесі, 113-үй. Тел. 8 707 225 72 05, 8 777 030 82 66.

17. ҚР, Алматы қаласы, Мамыр-3 ықшамауданы, 7-үй, 3-пәтер мекенжайы бойынша орналасқан «Мамыр-3-5-6-7» (БСН 210340002317) жылжымайтын мүлік иелерінің қауымдастығы өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қабылданады.

18. «YT Duty Free» ЖШС (БСН 231140016108) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жетісу облысы, Панфилов ауданы, Көктал ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 147-үй, тел. +7 747 384 92 08.

19. «G Car kz» ЖШС (БСН 250140009720) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жансүгіров көшесі, 176 А үй, тел. +7 777 971 61 11.

20. «Noodle Doodle» ЖШС (БСН 241040027776) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Астана қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 38-үй, 90-пәтер, тел. 241040027776.

21. «Ауылым-әнім» ЖШС (БСН 250940008197) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақмола облысы, Целиноград ауданы, Қажымұқан ауылы, 014 есептік квартал 95-үй, индекс 021800, тел. 87779555009.

23. «Кредитное Товарищество «ГАГАРИНО-НЕСИЕ» ЖШС (БСН 140640015611) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, ШҚО, Ұлан ауданы, Таврический ауылы, Центральный көшесі, 8-2.

### ӘРТҮРІ

8. Алматы қаласы Алмалы аудандық №2 сотына Алматы қаласы, Есентай көшесі, 42-үйде тұратын Момот Сергей Александровичтен 1971 жылғы 19 тамызда туған, Алматы қаласының тұрғыны, Есентай көшесі, 42-үйде тұратын, еш жерде жұмыс жасамаған Момот Александр Антоновичтің өлі деп тану туралы арыз түсті. Александр Антонович Момоттың туған жері туралы ақпараты бар немесе мүдделі тұлғаларды жарияланған күннен бастап үш ай ішінде Алматы қаласы, Төле би көшесі, 267-үй мекенжайында орналасқан Алмалы аудандық сотына хабарлауын сұраймыз.

12. «Ақ Жайық» қаржы-өнеркәсіп компаниясы» АҚ директорлар кеңесі («Ақ Жайық» ИПФ (лицензия №138) және «Батыс Бензин Инвест» ИПФ (лицензия №155) құқықтық мирасқоры болып табылатын 2026 жылғы 29 мамырда сағат 12:00-де ҚР, 090000, Орал қаласы, Әзербайжан көшесі, 48 мекенжайында өтетін «Ақ Жайық» ҚӨК» АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы туралы хабарлайды. Акционерлерді тіркеу 2026 жылғы 29 мамырда сағат 09:00-ден 11:30-ға дейін жүргізіледі.

Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдармен акционерлер 2026 жылғы 28 сәуірден бастап Нұрпейісов көшесі, 12 мекенжайындағы ғимаратта, №25 кабинетте таныса алады. Акционерлер тізімі 2026 жылғы 20 сәуірдегі жағдай бойынша жасалады. Кворум болмаған жағдайда, акционерлердің қайталама жылдық жалпы жиналысы 2026 жылғы 1 маусымда сағат 12:00-де жоғарыда көрсетілген мекенжайда сол күн тәртібімен өтеді.

1. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі;  
2. Қоғам акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;  
3. Қоғамның 2025 қаржы жылына арналған жылдық қаржылық есептілігін бекіту және қоғамның таза табысын бөлу.

Акционерлік қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне қатысты өтініштерін және оларды қарау қорытындыларын қарастыру.

14. «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті» акционерлік қоғамы (БСН 990240008462) өзінің қайта ұйымдастырылатынын, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестікке айналатынын хабарлайды. «Қазақ медициналық үздіксіз білім беру университеті». Шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Манас көшесі, 34-үй.

22. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» заңының 26-бабы 2-тармағының 24 тармақшасына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларының 289-тармағына сәйкес, бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, сумен жабдықтау және су бұйрықтарының сапа мен сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы және табиғи монополиялар субъектілерінің қызметінің тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы 2025 жылдың қорытындысы бойынша есепті Кәсіпорынның ресми интернет-ресурсында - www.almatysu.kz. орналастырылғаны туралы хабарлайды.

### МҰРАҒЕРЛІК

2. 24.11.2025 ж. қайтыс болған Қожанов Нурсент Дуисеновичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

3. 09.01.2026 ж. қайтыс болған Жораев Куттыбай Ашимовичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

4. 11.11.2025 ж. қайтыс болған Пулатов Тилеудің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75..

### 24. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, мекенжайы бойынша орналасқан «Centras Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамының басқармасы Қоғамның Директорлар Кеңесінің 2026 жылғы 27 сәуірдегі №14 хаттамасының шешімі бойынша шақырылған Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлайды.

Жиналыс 2026 жылдың 28 мамырында сағат 11:00-де ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, мекенжайы бойынша өтеді.

Жиналысқа қатысушыларды тіркеу – 2026 жылдың 28 мамырында сағат 10:30-да басталады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысына қатысу құқығы бар акционерлердің тізімін құру күні – 2026 жылдың 1 мамыры.

#### КҮН ТӘРТІБІ:

1. Қоғамның 2025 жылғы жылдық қаржы есебін бекіту және 2025 жылға арналған аудиторлық есебін талқылау туралы.
2. Қоғамның 2025 жылғы таза табысын бөлу тәртібін бекіту туралы. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу/төлемей жөнінде шешім қабылдау туралы.
3. Қоғам Басқармасына және Директорлар кеңесі мүшелеріне тағайындалатын сыйақы мөлшері және оны белгілеу туралы.
4. Қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тағайындау.
5. Сақтанушыларға сақтандыру дивидендтерін бөлу/бөлу туралы.
6. Акционерлердің Қоғам қызметіне және оның лауазымды тұлғаларына жолдауы және оларды талқылау қорытындылары туралы.
7. Қоғамның үлестес тұлғаларымен және Директорлар кеңесінің мүшелерімен сақтандыру шарттарын жасау туралы.
8. Қоғаммен ерекше қатынастар арқылы Қоғаммен байланысты тұлғалармен мәмілелер жасасу және мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы Қоғам жасасады.
9. 01.01.2026ж. «Centras Life» ӨСК» АҚ тәуекелдерді бағалау жүйесінің коэффициенттерін талдауды қарастыру туралы.
10. И-127 «Centras Life» ӨСК» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің, И-24 «Centras Life» ӨСК» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережелі, И-59 «Centras Life» ӨСК» АҚ Басшы қызметкерлерді еңбекақы төлеу, ақшалай сыйақыларды есептеу, сондай-ақ басқа да материалдық ынталандыру түрлері бойынша ішкі саясат» жаңа редакцияда бекіту туралы.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдармен 2026 жылғы 18 мамырдан бастап компанияның ресми сайтында танысуға болады www.centraslife.kz, сондай-ақ: ҚР, Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, сағат 9:00-ден 18:00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін қоспағанда.

Кворум болмаған жағдайда, жиналыс 2026 жылдың 29 мамырында сағат 11:00-де жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша қайтадан өткізіледі.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» заңына сәйкес және сондағы тәртіп бойынша өткізілетін болады. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының шешімі «бір акция – бір дауыс» қағидасы бойынша көзбе-көз дауыс беру арқылы қабылданатын болады.

5. 09.03.2026 ж. қайтыс болған Камбарбеков Молдақадыр Жанабековичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

6. 10.10.2025 ж. қайтыс болған Дуқенбаев Сабит Усербаевичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Мекенжайы: Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзакент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 8 775 445 06 75.

15. 21.11.2025 ж. қайтыс болған Ерімбетова Гүзайла Серікбайқызының артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Г.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, №5 ғимараты. Тел. 8 702 233 44 99.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**  
Тел.: 8 (708) 929-98-74

**E-mail:**  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

«Profy Agency kz» ЖК  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83,  
8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99  
Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 60,  
509-кеңсе. e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«Media page kz» ЖК Алматы қаласы, Ақтолық 45 көшесі, 2-қабат, 3-кабинет. zangazet.kz, Телефон/WhatsApp: 8 707 388 40 80.

Дүйсенбек ЖК, Алматы қаласы, телефон/WhatsApp +7 708 027 4270  
e-mail: infogazet.kz@gmail.com, www.infogazet.kz

«KAIRO» ЖК, Алматы қаласы, Жібек Жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесі, ТЦ Алма,

4-қабат, Көк базар ауданы, тел. 8 777 378 5813, 8 707 705 9222. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыру What'sApp арқылы қабылданады.

«Gold Capital» ЖК Астана қаласы, Абай көшесі, 78, 105-кеңсе, Тел. 8(7172) 52-02-11, 8702 839-90-86.

«Реклама» ЖШС, Орал қаласы, Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел. 8 (7112) 50-47-34

«Озат-1» ЖШС Ақтөбе қаласы, Алтынсарин көшесі, 14 «А», 4-кабинет. Тел. 87774348344, Ақтау қаласында да қабылдау жүреді.

Аюбаева ЖК, Қарағанды қаласы, Жамбыл көшесі, 11. Тел. 8(7121) 42-00-71

Михеева Ольга Станиславовна ЖК Қостанай қаласы, Шевченко көшесі, 126, 2 -қабат. Email: gazeta2612@mail.ru. Тел. 8(7142) 54-97-06, сот. 8-777-337-36-81, 8-701-350-69-18

Гавриленко И.И. ЖК Қостанай қаласы, әл-

Фараби даңғылы, 119-үй, 407 А кабинет. Тел. / факс 8(7142) 53-63-21

«Регистр» ЖК Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85-үй, 215-кабинет. Тел. 8-701-893-48-85, 8(7162) 25-77-17, 8(747)809-70-74

Калиасқаров Нурлан Нургисинвич ЖК, Петропавл қаласы, К. Сутюшева көшесі, 58, 30 кабинеті 3-қабат. Тел.: 8(7152) 46-02-57, сот. 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59

«С. Тажибаева» ЖК Тараз қаласы, Қойкелді көшесі, 158А, ЦОН аумағы. Тел.: сот 8-7017268772, 87054422939

«Версия-Пресс» ЖШС Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40. Тел.: 8(7182) 32-47-67, 32-49-04

Выдай ЖК, Өскемен қаласы, М. Горький көшесі, 60, тел. 8(7232)57-84-14, 8-777-225-65-06

«Фирма Назар-1» (РА «РУТА») ЖШС дирек-тор: Кривонова Татьяна Ивановна Шымкент

қаласы, Г. Ильяева көшесі, 47, RBK банк маңы тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar\_reklama@gmail.com

Г. БАКИРОВА ЖК, Шымкент қаласы, Желтоқсан көшесі, 1-ғимарат, Заң департаменті маңы. Тел.: 87057145877

NOVA ЖК, Шымкент қаласы, Байтұрсынов көшесі, 18, 4-қабат, 405-кабинет, тел. 87477260960

Сана ЖК Талдықорған қаласы, Еркін ауылы, Кемераша көшесі, 59, тел. 87058147221

Регистр ЖК, Көкшетау қаласы, Абай көшесі, 85, 215 кабинет, тел. 87018934885

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС, Орал қаласы, Л.Толстой көшесі, 28, тел. 8(7112) 50-88-05

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қаласы, Естай көшесі, 40, тел. + 7 701 530 34 03; +7 702 210 67 33.

**БАЙҚАУҒА**

Үзеңгілес достары: «Қазақ детективінің білгірі» атап кеткен, Астана ІІД-нің атакты тергеушісі, полковник Абылай Қайсеновтың мына мазасыз өмірінде, қанша рет аяқ астынан жиналып, келесі іссапарға дереу аттануға тура келді?! Алыс сапар үстінде ойы оңға бөлініп, баяғыда аталарымыздың: «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе?» дегеніндей, көңілі жерді былай қойып, көкті шарлап кетті. «Құдайдың берген бағына шүкір, жүрек қалауыммен өмірлікке тандап алған кәсібім осы болған соң, еш ойланбастан, жер көлігін былай қойып, әуе көлігіне шұғыл отырып, көк аспан астында да қанатсыз қалықтап ұшып барып, міндетімді атқарып жүргенім.

...Иә, Қарағанды жоғары милиция мектебін қызыл дипломмен тәмамдап, құқық қорғау саласындағы қиын да жауапкершілігі таудай тынымсыз еңбек жолымды Алматы қалалық полиция басқармасында тергеуші лауазымында бастадым. Үнемі үлкен ізденіспен, әр операцияға тыңғылықты ден қоя, бойдағы бар білімім мен там-тұмдап жиган тәжірибемді барынша жетілдіріп, ерінбей-жалықпай еңбек етуімнің арқасында, аз уақыт ішінде өз ісімді шебер меңгеріп алдым. Органда қызмет еткеніме екі жыл толар-толмас уақыт ішінде лейтенант шеніме бір жұлдыз қосылды, аға лейтенант шенін иемдендім. Содан үш жылдай уақыт өткенде ғой, талайдан бері ашылмай, «висяж» санатына енген күрделі қылмысты ашып, аса қауіпті рецидивіспен жекпе-жекте үстем шығып, тұтқындағаным үшін кезекті капитан шенін аттап, майор погонын полиция департаментінің бастығы, генерал Дәрменовтың өзі құрметпен иығыма таққаны. Қандай қуаныш болмасын, жалқы емес, жұп болып жүргені жақсы ғой... Осы орайда, жаңа погон тағылысымен, артынша келген үлкен, үлкен ғана емес-ау, көптен күткен Алатаудай зор қуаныштың өміріме енгені.

Алатаудай зор қуаныш – неңдей қуаныш еді, өзі...?

...Сәби кезінен алғыр, зерек болып өскен айдай сұлу Айша қыз мектепке «тарыдай» болып кіріп, сол білім ордасын «таудай» болып бітіріп шығады. Сол жылы оңтүстік астана – Алматының медициналық институтына қиналмай түсіп, қызыл дипломмен тәмамдап шықты. Қай жерде болмасын, жаңашылдық пен ізденісте жүретін, сәби кезден арман еткен, ақ желеңді абзал жан – Айша Гиппократ антын берік сақтап, жүрек қалауымен тандаған мамандығын адал атқарған білікті жас маман – өте ауыр халде, «әлдеқалай жағдай болады» деп қорқыныспен келген қаншама аурулардың шыбын жанын көрінеу ажалдан, әрине бір Алланың қолдауымен, арашалап алып қалу үшін жанын аямай арпалысты. Осындай мейірімділікпен, жансөбілдік, жауапкершілік жүгін терең түсіне білген ерен еңбегі үшін бар-жоғы бір жарым жылдай уақыт ішінде, жоғары басшылық тарапынан Алғыс хат, Құрмет Грамотасымен марапатталды.

Алайда, сол көптеген марапаттардан гөрі, бұл жас дәрігерге сырқаттанан сауығып тұрған жанның жанарлары жасаурап: «Сізге көп-көп рақмет! Жаныңыз жамандық көрмесін! Болашақта балалы-шағалы болыңыз» деп, шын көңілмен айтқан алғысы қымбат еді.

«Бала-шаға» демекші, әлі жиырма бес жасқа тола қоймаған өзі сұлу, жаны одан да сұлу қыздың махаббат жарықтықтың ыстық отына шарпылған хикаясы бір романға жүк боларлық. Бір жерлес қыздың үйлену тойында танысып, жүзінен мейірім оты күн шуағындай шашырап тұрған, сұнғақ бойлы, сыпайы жас жігіт қызды үйіне көлігімен жеткізіп салған. Ол – әрине, өзінің ойлағандай, осы очерктің бас кейіпкері, Ішкі істер органы саласының майоры Абылай Қайсенов еді. Жете танысып, аралас-қуралас болып жүрген тұста Абылай Әзімханұлы Айшаға көңіл білдірген. Жас қыз сыпайылық танытқаны болмаса, әрине, әлі тұрмысқа шығу ойы



**АЛТЫННЫҢ БУЫ**

ында жоқ болатын. Жігіт жүрек сырын ақтарып, өлеңмен өрілген махаббат хаттарын қанша жолдаса да, Айша сұлу: «Маған майор жігіт сөз айтты» деп, бірден құлап түсетін жеңілтек қыздардай емес қой, «уақыт көрсетеді» деген уәжбен қашқақтап, біршама уақыт жүрді. Тағы бір кезекті кездесу сәтінде Абылай Әзімханұлы жаңға жайлы майда қоңыр, әдемі дауысымен:

*Бізге дәрігер бір қыз бар,*

*Десе болар жұлдыз бар.*

*Ол жоқ жерде жүрегім,*

*Бірде жалын, бірде ызғар,* – деп, әндетіп қоя беріп, осы бір шумақтан кейін іркіліп тұрып қалған. Жаңға жайлы болғанымен, мұң аралас, жүректің нәзік қылын тербейтін ән әуеніне сүйсіне әсерленіп кеткен қыз: «Абылай аға, жанағы айтқан әніңізді әрі қарай, соңына шейін жалғастырыңызшы» деп, өтініш білдірді. Әннің екінші шумағын айттып, соңғы шумағына көшкенде, жүрегі лүпілдеп, шынайы сезімнен толқыған дауысы дірілдей шыққан жігіт:

*Ақтарып жан сырымды,*

*Айтпақ едім шынымды.*

*Батылым бармай, қыз өзі*

*Қашан ұғар мұңымды...* – деп аяқтап, өзі терең ой құшағына еніп кетті. Қыз да мұна, жанарлары жасаурап, үн-түңсіз отырып қалды...

...Сонымен, арада ай жарым уақыт шамасы өткенде, «ел сенімін ақтаған жігітті – қыз жақтаған...» демекші, бірін-бірі құлай сүйген екі жас жасыл жақырақтары жайқалған жаз айында, сәгімен үйленіп, шаңырақ көтерген. Кейіннен Абылай: «Мен Айша сұлуымның нәзік жүрегің «Дәрігер қыз» әнінің әуенімен жаулап, өзіме қаратып алғанмын» деп, достары арасында әзілдей күлісіп жүрген-ді.

...Өмірге Адам (перзент-сәбидің) келуі – бір Алланың өмірімен жасалғанымен, сол абзал іс Ана арқылы, оның: «Жарық дүниеге адам әкелсем» деген ізгі ниетінің нәтижесінде орындалады. Сондай абзал да аяулы жанның бірі – сәл кейінірек өсіп-өніп, бақ қонған Қайсен әулетінің келіні – Айша атты әппақ сүйкімді қыз. «Ат ауаған жерде түк қалар» деп қазақ аталарымыз айтқандай, қос ғашықтың адал да пақ махаббатының айқын белгісіндей болып, алтын асықтай қос ұлы мен алтын бұрымды сұлу қыздары дүниеге келді. Бір қызығы: егіз қозыдай іркес-тіркес өсіп келе жатқан қос ұлы – Медғат пен Қасым: «Үлкейгенде, әкеміз сияқты Ішкі істер саласының офицері боламыз» деп, армандап кететінін қайтсер...

**Қауіпті сапар...**

Шын пейіл, үлкен ізденіспен, тыңғылықты да жауапкершілік жүгін терең сезіне істеген ісін, әрқашан жемісін береді емес пе?! Мұндай жауапкершілікті қалай ғана сезінбессің, әрбір – үлкен болсын, кіші болсын қылмыстың артын-

да адам тағдыры, оның өмірі, материалдық қана емес, рухани-психологиялық процесі қосарланып тұрады. Адамға, туған мемлекеті мен өзі өмір сүріп отырған қоғамға адал қызмет етуден қымбат еш нәрсе жоқ.

Иә, осы ұстанымды (принципті) өміріне серік етіп, берік ұстанған Абылай Әзімханұлы адал еңбегінің арқасында қызмет баспадағындағы лауазымдары өсіп, погондағы жұлдыздары ірілене берді. Тергеуші лауазымынан аға тергеуші, Алматы қалалық ІІБ-де анықтаушы (дознаватель), тергеу бөлімінің бастығы, Қылмысты іздеу бөлімінің бастығы лауазымдарында үлкен біліктілікпен қызмет етті. Аса қауіпті рецидивистерді ұстау кезінде полковник Қайсенов көрінеу ажалмен бетпе-бет келген сәттер жиі болды. Алайда, «Аққа – Құдай жақ» демекші, елі үшін, қарапайым еңбек адамдары үшін еткен жанқиярлық ерліктері арқылы мерейі үстем болып, әрдайым жеңіске жетіп отырды. Қиындықсыз, тер төге еңбек етудің, сонымен қатар, бала-шағаның сені, өзіңнің олармен қауышуды жан-тәніммен қалап, көргенше асық болатын сартап сағынышсыз, жақсылық атаулы өздігінен келе қоя ма? Ол істе сабырлық пен төзімдік керек.

Қызметтің аты – қызмет. Міне, бүгін де қара жол үстінде. Сапарға шыққан сайын, тас-түйін болып, біраз уақытқа шейін көңілің пәсейіп, бала-шағаңды көз алдына елестетіп, елегізгіңің бар. Бірақ, жүрегің дәл бүгінгідей сазып, түйсігің әлдебір қолайсыздықты сезінген емес. Алматыдан Қарағанды бағытына қарай үш жүз шақырымдай жүріп өттің, алайда, ішім әлдебір, өзіме белгісіз тосқауылдан босамай келе ме, әйтеуір, түсініксіз жағдай...

Көлік тізгініндегі Владимир Иванович Татаринцев – көңілді, Верди операсының әуенін сынғырлата шырақтатып, «благотной» нөмірі бар әппақ «Маздасын» зырылдатып келеді. Оның көгілдір көздері күңгірттеніп, тіпті бала кезіміздері Айыртаудағы айлы көл суындай көгеріп тұр. Көздерінде, сірә, сүйікті әйелі мен балаларын аңсағаны болар, сартап сағыныштың балауыздай сарғыш табы байқалады. Ал айнала – далаған, ұшы-қиыры көрінбейтін сары дала мен аласа жоталар. Қар жабынған жолдың асфальты кеше еріп, жыртылып қалғандай, бүгін қара дақтары жол бойында ретсіз шашылып жатыр.

Көлікті бұлар кезек-кезек айдап, шаршамас үшін әр екі сағат сайын ауысып келеді. Кешкісін күн сарғыш реңкке еніп, сұрланып батып бара жатыр. Мүлгіген түннің, машина фарлары жарық түсірмейтін аймақтары – қара түнек. Сол кезде көлік өздігінен дірілдеп, әр он секунд сайын тоқтап, артқа сырғығандай, сосын қайта алға ырғып кеткендей селкілдейді. Бұл жүріс жүріс емес, тіпті дірілдеуікке (вибраторға) ұқсайды. Сондықтан да, Татаринцев ал-

дыңғы орындықта екіге бүктелгендей иіліп, тәтті ұйқыға кеткен. Жол төбеге қарай өрлеп бара жатыр, түнгі жарық бағандары жоғалып кетердей сирек. Кенет қарсы беттен жарық сәуле көрінді. Жүрек қысылып, тер басты: ол – үлкен жүк көлігі, ал мен қарсы жолдамын. Бұл – қатерлі әрі тәуекелшіл әрекет. Құдай сақтасын, жүрегім неліктен сонша сазып кетті! Міне, сол қарапайым жапон Минипул прокатымен бәрі күрт өзгерді: машина өзінің иесіне бағынды да, оңға бағытып, төнген қауіп бұлардан алшақ кетті. Олар да, алып айдаһар сынды КамАЗ-ды жайлап барып тоқтаты. Көліктің баяулап тоқтағанын сезген Владимир оянып, тіл қатты:

– Не болды? – Абылай оның сұрағына тез жауап қатты:

– Бізді Құдай бір қауіптен сақтады, – деді, – техника мен біздің тілегімізді Алланың қабыл етуі болар...

Бұл сезім қандай керемет! Сенімді техника қолында, оның барлық механизмдері ниетінді бұлжытпай орындап тұр. Тауба!

Бұлар солтүстік Қазақстандағы бұрынғы шахтерлар қалашығы – Бестөбеге беттеді. Бұл бағытты бұрын бірге істескен министрлік маманы Сырым Құлжанов ұсынған.

Сырым: – Бұл атакты Бестөбе ғой! Газет оқымайсыңдар ма?! – деп, әзіл-шыны аралас күлген болатын. Елді мекеннің атын сұрағанда:

– «Караван» газеті жақында жариялады. Онда: «Бестөбе қаласының тұрғындары шахтыға заңсыз түсіп, руда жинаумен айналысқан. Рудадан үй жағдайында алтын өндіріп, оны делдалдарға арзанға сатқан» деп жазыпты.

Біз «қоттан, судан, мыс құбырлардан өткен» екі тарлан чекіст, көзімізді ашып, аузымызды аңқита тыңдадық.

– Әрине – құлау, газбен улану, тіпті кісі өлімі жағдайлары орын алған. Адамдар темір үшін қырылып жатыр.

– Бұл – шайтанның ісі, – деді полковник Қайсенов. – Мұны «нәзік жанды» аталатын әйел адам басқарып отырғанын айтсаңшы...

– Ол – керемет, тіпті шайтанның әйеліндей адам! Ол осы шахталарды сатып алған екен. Қарапайым адамның ондай байлыққа қол жеткізуге шамасы қайда?!

Бұлар үнсіз ғана бас шұлғып, бірін-бірі мақұлдап тұр.

– Меніңше, бұл жүйені дәл сол қанағатсыз, мейірімсіз әйел ұйымдастырған. Жалақы жоқ, салық жоқ, ештеңе жоқ. Тек, күндіз-түні күзетіп жүретін қырағы бандиттері ғана бар.

– Қорқынышты. Бұл – арамыздағы қандастарымыз. Қайда бара жатыр бұл өмір? Бәрінен ақша қымбат болғаны ма?!

Осындай жағдайда, әрине, мәжбүрлі түрде еңбек еткізіп, біреулерді құлдыққа ұстау мүмкіндігі мол болып тұр ғой.

– Болды, сабыр ет, айтуың жеткізе айттың. Қазір біз жолдамыз. Көлденең көздің назарына ілікпеу үшін, жаңа жыл қарсаңында келіп отырмыз. Сондай-ақ, дәл сол жерде тұратын күзетшінің әпкесі бар. Оның өзі де шахтаға түседі екен. Қолымызда – ұсыныс хат, көлігімізде – төрт жәшік арақ бар. Жанымыздағы серігіміз – батылдық пен үкілі үміт...

**Үнсіз үрей...**

Астана мен Бурабай арасындағы жол сапалылығымен таң қалдырды. «Мына жолдың асты жылытыла ма екен, батыс елдерінің автобандары сияқты?» – деген де күман қыла берді. Бірақ, бізге керекті бағытта асфальт жол көп ұзамай қарапайым шоссе жолына, кейін тіпті тың дәуірінен қалған бір шоқ-шоқ топырақ үйінділеріне айналды. Сол жүйкені жұқартқан, шұрық-тесік, кедір-бұдыр, бірақ жалғыз, шексіз әрі қымбат жол ақыры, шахтерлер мекені – Бестөбеге алып келді. Осы жол ғана бізді бұл қа-

уіп-қатерлі жерден жөнімен алып кетуге де қауқарлы сияқты.

Адасып, әрең дегенде іздеген үйге де жеттік. Алдында үш дөңгелекті мотоциклдің моторы ызындап тұр екен. «Мұндай аязда мотоциклмен жүреді екен-ау!» – деген ой басыма келгеннен-ақ жаурап кетіп, денемді діріл басты.

Есікті бірнеше мәрте қағып едік, ешкім ашпады. Амалсыз ішке өзіміз кірдік, артымыздан бу мен аяз аралас тұман ере кірді. Біз не үлкен дәлізге, не бірден шағын залға тап болғандаймыз. Ұзынша келген бөлме, сол жақта – үш терезе, оң жақта – үш есік, шамасы, жатын бөлмелерге апаратын болар. Бұл бөлме – сан қырлы, әрі кіреберіс, әрі ас үйі, әрі қонақ бөлме, әрі шеберхана қызметтерін қатар атқарып тұрғандығы белгілі болды.

...Іште қызу жұмыс жүріп жатты. Орта бойлы екі жас жігіт – бірі он алты, екіншісі он сегіздер шамасында. Олар жан-тәнімнен әлдебір затты үлкен келілерде жанын соғып жатыр. Ондай келілерді қазір тек ескі кеңестік кинолардан ғана көресің. Кіреберістің оң жағындағы раковинаның қасында тұрған сымбатты, орта жастағы әйел, төрт бұрышты табамен әлдебір жұмыс атқаруда. Бізді көріп қалған сәтте шошып кетіп, табаның ішіндегісін раковинаға төге салды. Есін жиган бойда ерінбей, сызданып тұрып боқтап та үлгерді.

Полковник Қайсенов жағдайды ушықтырмай тұрып, үй иесінің бауыры жазып берген ұсыныс хат пен жүз долларлық екі банкнот салынған конвертті ұсынды. Бұл – ең дұрыс шешім болып шықты. Үй иелері орындарынан атып тұрып, жүгіріп, абыр-сабыр болып қалды. Біраздан соң келген меймандар дастарқан басында рахаттана шай ішіп отырды. Пеш үстіндегі қазанда шымырлай қайнап тұрған жаңа сойылған соғым, жылқы етінің жаңға жайлы иісі бұрқырап, танауды қытықтайды. «Жарықтық жылқы етін жесек тісіне кіреді, жемесен түсіне кіреді» деген тәмсілді атам қазақ осындайдан айтқан-ау, шамасы...

Дастарқан иесі әйелдің есімі – Айна, ал оның ұлдары – Берік пен Ерік. Үшеуі де тез арада тап-таза киімдерін киіп, мерекелік көңіл-күйге еніп кетті. Қарынға «қонақтаған» ыстық шай мен алматылық жұмсақ арақтың әсерінен, дүние барған сайын жайдарылана түсті. Айтпақшы, балалар да «ақанды» ересектермен бірге қылқылдапты, рахаттана жұтып отырды.

Баяғыда, әлдекімдер «бесбармақ» атап кеткен (бір қолда бес бармақ емес, бес саусақ қана болады емес пе?) қазақша асылған ет келердің алдында тұған әңгіме-дүкен қызып сала берді. Осы сапарға шыққан үшінші адам – ІІМ-нің полковнигі Болат Атабаев:

– Бағана біз кіріп келгенде, не істеп жатыр едіңіздер? – деді жай ғана, қызықтап сұрағандай болып.

Бірақ, осы қарапайым, елеусіз қойылған сұрақ үй иелерін бір сәтке сасқалататып, абдыратып тастады.

– Алтын бөліп жатыр едік, – деді солардың бірі, күндегі, үйренген тірлік секілді кейіппен.

Қонақтар аң-таң болып, ауыздарын аңқита ашып қалды. Осы сәт – өзіңнен ақыматқы көрудің рахаты үй иелеріне жағымды әсер бергені анық. Олар бір-бірін бөліп жарып, бәрін түсіндіре бастады. Көрген-білгенімізден құралған көрініс әремізді алды.

...Бүкіл ауыл халқы «алтын кәсібімен» айналысады. Күші жететіндері шахтаға түсіп, кен тасиды. Қалғандары үйде соны ұнтақтап, сынаппен араластырып, алтынды бөліп алады. Содан кейін әлгі қоспаны отқа қыздырады – сынап бұға айналады, ал таза алтын қалады. Бұл – кәдімгі ас үйде жүзеге асырылып жатқан процестің сұмдық сұлбасы.

Тәңірім-ау! Сынап дегенің, астына ешқандай от жақпай-ақ буланып, бөлмедегі сылаққа, кілемге, жиһазға, төсекке, киімге сіңіп, кейін адам ағзасына еніп, бауыр мен тісті мүжиді. (Бұрыннан, қызмет бабы бойынша білетін шындық қой).

**Ғабдул-Сәбит ЮСУПОВ**  
*(Жалғасы бар)*

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Астана** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59.  
Шадиар Мекенбайұлы 87757335665  
Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

**Батыс Қазақстан облысы**

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі: 8 708 929 9874, zanmedia.kz

**E-mail: zanreklama@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 6408 дана**  
**Апталық таралым 12816 дана**

Тапсырыс №62 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігін байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г күәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31